



Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің айына бір рет шығатын балалар журналы

ОНЫҢ ТУЫ — ЛЕНИН ТУЫ

Жұбан МОЛДАҒАЛИЕВ

Келші бері, інішегім,
Саяхат беріп тұршы алға.
Айтшы араңа кұтты болсын,
Кұтты болсын комсомолға!

Дәл отыз жыл бұдан бұрын
Туған күні комсомолдың,
Туа сала ту ұстаған,
Жауға бастап жастар қолын.

Оның туы — Ленин туы,
Оның аты — Ленин аты.
Ол — халықтың бел баласы,
Партияның қол-қанаты.

Ел-халқымыз, ұлы Сталин
Ардақтайды комсомолын,
Аңыз етіп, мақтан етіп
Отыз жылда асқан жолын.

Жас қайраты ұшан-теңіз,
Халқымыздай тобы берік.
Жорығында жеңістердің
Партияға болды серік.

Өмірдің бар саласына
Жең сыбанып араңасты.

Жол да салды, үй де салды.

Қопарысты тау мен тасты.

Жалынды жас гвардия
Жүрді ылғый алғы сапта.
Жарак алып жауға шапты
Елге хауіп төнген шақта.

Еңбекте де, күресте де —
Ылғый жеңіс жүрген жері.
Үш орденді, қызыл тулы
Комсомол ғой ердің ері.

Лениннің жас ұрпары
Еш қамалдан қайтпас беті.
Тұлғасына біткен оның
Большевиктің хасиеті.

Талпын соған, талантты бол,
Өс, өрге бас, інішегім!
Комсомолдың өміріндей —
Данқты болсын келешегің.

Оның туы — Ленин туы,
Оның аты — Ленин аты.
Ол — халықтың бел баласы,
Партияның қол-қанаты.



ДАҢҚТЫ ЛЕНИН - СТАЛИН КОМСОМОЛЫНА ПИОНЕРЛІК СӘЛЕМ!



Жұмысшы және шаруамен бірігіп істеген еңбекте ғана нағыз коммунист болып шығуға болады.

...Адам баласы қорытқан байлықтың бәрін біліп, зейініңді молайтсаң, тек сонда ғана коммунист болып шығуға болады.

В. И. ЛЕНИН.

Комсомол әрқашанда біздің жауынгерлеріміздің алдыңғы сапында болды. Мен оның революциялық тұрмысымыздың уақығаларынан кейін қалып қойған кезін білген емеспін.

И. В. СТАЛИН.





Ленин комсомолы XXX жаста

Ә. КАНАПИН,
Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің секретары.

Аға даңқы — сенің де даңқың

Жас пионер, бүгін сенің туған ағаң—Ленин-Сталин комсомолы отыз жасқа толды. Бүгінгі той хұрметіне, халықтың комсомолға деген шексіз сүйіспеншілігі мен алғысына сен де ортақсың. Аға қуанышы—сенің де қуанышың.

Комсомол—саған титтейіннен тағы сөз. Сен ең алғаш мектеп табалдырығын аттаранда, алдыңнан құшақ жайып қарсы алған жайдары жүзді жас мұғалима—комсомолға болатын. Сен пионер қатарына кіргенде, мойныға қызыл галстук байлаған аға жоғары да—комсомол мүшесі еді. Сенің апаң мен ағанда, олардың жолдастары да—комсомолецтер. Оларды жұрт жырға қосады, олардың ерлігі халық арасында аңыз етіледі. Олар күні кеше майданда Отанымыздың тәуелсіздігі мен бостандығы үшін батырларша соғысты, ал бүгін таңда — еңбек майданының озаттары олар.

Комсомолды баулып ұшырған, оны батыр-батыл етіп, адал, ар-намысты, құрыш жігерлі етіп өсірген—большевиктік партиямыз, данышпан ұстазымыз Ленин мен Сталин. Комсомолдың отыз жыл ішіндегі қаһармандық істері—ұшан теңіз. Оны айтып тауысудың өзі қиын. Сонда да, бүгін, той күні, комсомолдың өмір жолымен сені қысқаша болса да, таныстырып өтпейміз.

Дауылда туғандар

Жас дос, заманымыздың талантты жазушысы Николай Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» атты тамаша кітабын сен оқыған боларсың. Сол кітаптағы Павел Корчагин мен оның жауынгер достарының жарқын бейнелерін есіңе түсірші. Олардың халық мүддесі жолындағы ерлік істер тізбегін көз алдыңнан өткізші.

Міне, тұңғыш комсомолецтер, Коммунистік Жастар Одағының тұңғыш мүшелері солар. Демек тұңғыш комсомол ұйымы Ұлы Октябрь революциясы дауылында, отты жылдарда туды.

Октябрь революциясы еңбекші жастардың келешегіне кең жол ашты. Жастарға еркін еңбек ету, оқын білім алу правосы берілді.

Бірақта, комсомол өмір есігін ашқанда, ескі дүниенің күл-талқаны әлі әбден шықпаған кез еді. Бейбітшілік өмір елімізде әлі толық орнамаған кез еді. Жас совет республикасына жан-жақтан хауіп өрті төнді. Немістер Балтық жағалауын, Украинаны, Бе-

лоруссияны басып алып, солтүстік Кавказға баса көктеп кірді. Ағылшын-француз интервенттері Мурманскі мен Архангельскіге кеп түсті. Қыйыр шығыстың көп аудандарын жапон басқыншылары жайлады. Ішкі-сыртқы дұшпандар қызыл Москваға шабуыл жасауға даярланды.

Бірақ, халқымыз жасымады, жауға соққы беруге әзір тұрды. Партияның, Ленин мен Сталиннің шақыруы бойынша комсомол қолға қару алып, жас совет мемлекетін аман сақтап қалуға аттанды. Бұл жылдарда комсомолға кіру—майданға аттануға әзір тұру деген сөз еді.

— Біз комсомол билетіне қоса мылтық пен екі жүз оқ алушы едік, — дейді Николай Островский.

Азамат соғысы жылдарында комсомол, жастар ерлік пен қаһармандықтың асқан үлгілерін көрсетті. Комсомол көп жорықта, көк түтін ішінде жүріп ержетті, шынықты. 1919—1920 жылдары, майданда ауыр жағдай туған кезде, комсомолецтерді майданға жаппай шақыру ісі үш рет жарияланды. Жастар бұған қызу үн қосты, бірсыпыра комсомол ұйымдары майданға түгелдей кетті. Осы шақырулар нәтижесінде Қызыл Армия қатарына 25 мыңнан астам жас жауынгерлер келді.

Сергей Миронович Киров азамат соғысы майданында болған комсомолецтердің батырлығы жайында былай дейді:

«Ашық айту керек, жолдастар, біз, большевиктер, жеңіс жолында жанын аямай күресе білетін халықпыз. Соның өзінде, майданда жүргенде, комсомол баулыған батырларды кей уақытта «күндегендей» де болушы едік».

Партия мен үкімет комсомолдың азамат соғысы жылдарындағы жауынгерлік еңбегін зор бағалап, 1928 жылы, Қызыл Армияның он жылдығында, оны Қызыл Ту орденімен наградтады.

Оқу мен еңбекте

Азамат соғысы әлі аяқтамаған кез. Комсомол, жастардың дені әлі майданнан қайтқан жоқ болатын. 1920 жылғы октябрьде комсомолдың Бүкілодақтық III—съезі шақырылды. Съезде Владимир Ильич Ленин сөз сөйледі. Ол өзінің сөзінде жастардың алдына жаңа міндеттер қойды. Ленин қысқаша: «міндет—үйренуде-оқуда» деді.

Владимир Ильич асқан кемеңгерлікпен болашаққа көз жіберді. Ол ертең таңда істелінетін жұмыстарға тоқтады. Үстіне жас ұрпақ жаңа қоғам орнатуға

тісті жерді аға ұрпақ аршып, тазартты. Солдықтан ендігі жерде жастардың, Коммунистік Жастар Одағының міндеті—оқып, үйрену болып табылады, — деді Ленин.

Лениннің бұл сөзі совет жастары үшін жол сілтейтін жарық жұлдыз боп қалды.

1928 жыл. Москвада комсомолдың VIII съезі ашылды. Онда Иосиф Виссарионович Сталин сөз сөйледі. Делегаттар көсем сөзін ұйып тыңдады.

«Біздің алдымызда қамал тұр, — деді көсем. — Бұл қамал көптеген білім салалары бар ғылым деп аталады. Бұл қамалды біз қалайда жеңіп алуға тиістіміз. Егер жастар жаңа өмірдің жасаушысы болғысы келсе, егер ескі гвардияның нағыз орнын басқысы келсе, бұл қамалды жеңіп алуға тиіс».

Ленин комсомолы, жастар көсем айтқан қамалды жеңіп алуға шабуылға шықты, ғылым негіздерін меңгеруге құлшына кірісті. Жоғары, орта мектептерде оқу үшін 40 мың комсомолец жолдама алды.

Партиямыз Совет Одағының барлық шаруашылығын қайтадан құрудың жоспарын жасады. Ол «бесжылдық» деп аталды. Халық шаруашылығының барлық салалары тез қалпына келтіріліп, өркендей бастады. Жаңадан заводтар, фабрикалар салынды.

Комсомол соғыс майданындағы сыяқты, еңбек майданының да алдыңғы сапында болды. 1929 жылы жастар жаңа құрылыстарға жаппай аттанды. Сталинградтағы трактор заводын салу үшін жеті мың жігіт пен қыз келді. Сол күндердің өзінде-ақ басты жаңа құрылыстарға 200 мыңнан астам комсомолец жіберілді. Олар қыйыншылықтың қандайынан болса да тайсалмады. Жатар орын мен азық-түліктің тапшылығы олардың құрыш жігерін жасықта алмады. Тапшылық пен қыйыншылықтың өткішші нәрсе екеніне олар берік сенді.

Қазақстандағы ең ұзын темір жол—Турксиб жолы. Бұл жолмен сен де, сенің жолдастарың да талай жол жүріп, сапар шеккен шығарсыңдар. Турксиб шөл далаларды, құмайт белдерді басып, биік тауларды жарып өтеді. Ол оңайшылықпен салынған жоқ. Бұдан жыйырма жыл бұрын осы жол бойында еңбек майданы қызды. Ақын Асқар Турксиб құрылысшыларының қаһармандық тұлғасын былай суреттеді:

Тауды бұзып, тасты жарып,
Жолды салған қандай ер?

Ол—қайратты, ол—қажырлы
Қайтпас, қайсар жұмыскер.

Міне, тауды бұзып, тасты жарып жол салған сол қайтпас-қайсар жұмысшылардың тең жартысынан астамы комсомолецтер болатын.

Жастардың жанкыярлық еңбегін де өзіміз зор бағалады. 1931 жылғы 21 январьда, В. И. Лениннің өлгеніне жеті жыл толған күні Бүкілодақтық

Лениншіл Коммунист Жастар Одағы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

Сталиннің ашымен

Ұлы Отан соғысы совет адамдарының бойындағы барлық қасиетін сынға салды. Социалистік Отанымыздың басына төнген қауіп барлық халқымызды аяғынан тік тұрғызды, кәрі де, жас та қауіп өртін сөндіруге, Отанды аман сақтап қалуға белді бекем буынды.

Ленин-Сталин партиясы бастаған сапта шыңдалған комсомол бұл ұлы аяқаста да айырықша көзге түсті. Халықтан, ұлы көсеміміз Сталиннен алғыс алды.


Күн сайын кешке жақын 254 гвардия атқыштар полкінің ротасында старшина жауынгерлерді түгендейді. Өр жауынгердің аты-жөні аталады. Старшина ең алдымен: «Совет Одағының Батыры гвардия жауынгері Александр Матросов!» — дейді.

Сонда оң жақта тұрған жауынгер: «Ол неміс басқышыларына қарсы ұрыста батырлық өліммен қаза тапты!» деп қатты дауыстап жауап береді.

Комсомолец Александр Матросовтың ерлігі жайында сен көптеген әңгіме де, әлең де оқыған шығарсың, оны сен кинода да көрдің. Ол Чернушка деревнясы үшін болған ұрыста біздің шабуыл жасаушы бөлімшеге жол ашу үшін, жау бекінісінің оқ ататын аузын



Пионер Саша Чекалин Совет Одағының Батырларының ең жасы. Өзінің жауынгер жолдастарын жау қолына түсірмеу үшін, өзі өз басын ерлікпен құрбан етті.



Қазақтың мемлекеттік мал дәргерлік институтының комсомол-студенттері (оңнан солға қарай): А. Байдулов, Т. Кенжеғалиев, М. Ханин және П. Ярышев лаборатория сабағында. Суретті түсірген П. Редько.

өз денесімен жапты. Сөйтіп ол өз өмірін құрбан етіп, өз бөлімшесінің жеңіске жетуіне жол ашты. Оған өлгеннен кейін Совет Одағының Батыры атағы беріліп, өзі қызмет еткен 254 гвардия атқыштар полкі оның есімімен аталды.

Жас дос, сен Невель қаласына бара қалсаң, онда Мәншүк Маметова атындағы көшені кездестірер едің. Мәншүк Қазақтың медицина институтының бұрынғы студенткасы еді. Ұлы Отан соғысының қызу күндерінде ол өзі тіленіп майданға атталды. Ол да Ленин-Сталин комсомолы тәрбиелеп, шыңдаған жас түлек еді. Мәншүк Невель қаласы үшін болған ұрыстарда «Максим» пулеметімен немістің 70тен аса офицері мен солдатын жойды. Сол ұрыста ол ерлік өліммен қаза тапты. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша оған өлгеннен кейін Совет Одағының Батыры атағы берілді.

Даңққа бөленген батыр партизанка Зоя Космодемьянская, Краснодарда комсомол, жастардың «Жас гвардия» атты жасырын ұйымын құрушы Олег Кошевой, халықты фашист басқыншыларға қарсы ерлік күреске шақырған жас комсомолка Лиза Чайкина, батыр пионер Саша Чекалин, тағы басқалардың есімдері мән ерлік істері бүкіл елімізге мәлім. Бұлардың тамаша өмірі туралы көп сөз айтып, көптеген кітаптар жазуға болады. Өйткені олардың өмірі—дастан, ерлігі—ертегі. Оларды ер етіп өсірген совет мектебі, пионер ұйымы, Ленин комсомолы, большевиктер партиясы.

Комсомол—эрқашанда пионерге үлгі балды. Пионер

комсомолдың өнегесімен өсті. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы батыр ағаларының ерлік істері пионерлерді де ерлікке аттандырды. Сол жылдары Сталин облысы Артемов ауданындағы Покровскі селосында, ол аймақты немістер билеп-төстеп тұрған кезде, пионерлер онда жасырын пионер отрядын құрды. Отрядты ұйымдастырушы 6 кластың пионері Вася Носаков еді. Балалар партизандарға немістер туралы хабар жеткізіп тұрды, листовкалар шығарып таратты, телефон сымдарын үзіп тастап отырды.

Бұл жылдары бүкіл еліміз тек жеңіс туралы ойлады, жауды ақырына дейін күртуды мақсат етті. Қалада, ауылда болсын, фабрикада, заводта болсын, мекемеде, мектепте болсын еліміздің жас патриоттары жеңіс үшін қызмет етті.

Соғыс жылдары миллиондаған жастар комсомол қатарына кірді. Үш жарым миллион комсомолецтер Совет Одағының ордендары және медальдарымен наградталды.

Совет үкіметі мән большевиктер партиясы комсомолдың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жауынгерлік еңбегін де жоғары бағалады. 1945 жылы үкіміміз комсомолға еліміздің ең жоғарғы награды — Ленин орденін тапсырды.

1947 жылы Ұлы Октябрь революциясының 30 жылдық мерекесі қарсаңында еліміздің комсомол, жастары ұлы көсеміміз және сүйікті досымыз Сталин жолдасқа хат жазды. Олар хатында жаңа бесжылдықты төрт жылда орындау жолындағы өздерінің ерлік еңбектерін баяндай келіп, «мерзімін бесжылдықтың қысқартамыз» деп ант берді. Комсомолецтер өзінің осы антын қазір іс жүзінде асыруда.

Жас дос, комсомол отыз жыл ішінде талай даңқты жолдардан өтті. Оның қырмызы қызыл туы үш орденмен бәзелді, көптеген мүшелері Совет Одағы Батыры және Социалистік Еңбек Ері деген жоғары атақ алып, омырауларына алтын жұлдыз медальдар тақты. Әрине, бұл ұлы аброй, үлкен награда!

Комсомол ағаң алған бұл ұлы награда — сенің де наградаң. Өйткені аға даңқы — сенің де даңқың, аға ісі-сенің де ісің.

Біздің халқымызда «ағаны көріп іні өсер» деген тамаша мақал бар. Бұл мақал сен туралы айтылған тәрізді. Сен де даңқты ағаң — комсомолдың ерлік ісінен үлгі алып:

Се, ерметіп, комсомолдың орнын бас!



Орыс орманында

(повестің бір тарауы)

Кәмен ОРАЗАЛИН

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

Жалғыз аяқ жол қатпарлы орманның қойнына сүңги түсті. Шытырман қоюланған кезде тармақталып кетті. Жаңада жүрген адам іздерін әлі қар да басқан жоқ. Сүңгісі түскен бұталары сарайып қалыпты. Үлпілдек ақ қарды жамылған тоғай, үн-түнсіз мүлгіп тұр. Зәулім қарағайлардың бүрлері бір-біріне ұштасып, ала көленке сәуле берген алқапқа тіреліп еді. Көптеген шалаштардың ортасындағы жер үйдің моржасынан көтерілген түтін алқаптың ішін тұмандатқан тәрізді. Бұлардың айналасында қазулы окоптар, құрулы миномет ұяларын үйреншікті көз де зорға байқайды.

Жер үйде, жанған пештің алдында шолақ қара төңді, малақайын баса киген біреу отыр. Ол қалғып кетіп, маңдайын пешке соғып ала жаздайды. Сырт мүсіні көзге толық көрінсе де, қою мұрты менен бұрыл тартқан қаба сақалына қатқан мұздар оттың қызуыменен еріп алдына тырс-тырс тамады. Қатпарлы беті қарақожа лақтап, үсік мұжыған мұрнының үшінен қан шығады. Суалыңқы ұрты, тарамданған ажымдары жасы нешеде деп ойлайсың дегендей болады. Плитаның үстіндегі су котелден тасып төгілген сайын жалын будақ-будақ атылады. Есік қарсысындағы сүйеулі мылтықтардың магазин, штыктері әлі де аппақ. Устаған аязы сорғымапты. Оң жақтағы кішкене стол үстінде қағаздар көрінеді. Төртегі нарда екі адам ұйқтап жатыр. Пималарының табандарына қатқан қарлары жана-жана еріп, қопарыла бастапты.

Есікті ақырын ашып, келіп кірген орта жастағы кетік тіс адамға қарт жалт қарады.

— Мінекиіңіз! — деді ақырын сөйлеп, аяғын ептеп басып, бір уыс қағазды ұсынып жатып, — жаралы жауынгердің жанынан табылды. Кім, қай бөлімдікі екенің документтерінен көрмесеңіз, әлі есін жыятын емес.

Ол шығысымен қарт қағаздарды ақтарып отырып, жазылған бір хатқа үңіле түсті. Алыстатып та, жақындатып та, біресе көзін сығырайтыңқырап, біресе ашыңқырап қарады. Пештің жарығына да ұстап төнді. Өз көзіне өзі сенбейді. Таныс жазу баспадай түскен әріптер көрген жерден-ақ сол дегізгендей жүректі тебірентеді. «Сол, жоқ» деген екі сөз, қарттың үмітін бірі әрі, бірі бері тартты. Бірі төнген тұманды жел боп айдап, бірі — күңгірт ойды мықтап баса түскендей. Қарт жан қалтасынан көзілдірігін алып киді де, өз ойына енді қайтер екенсің дегендей, құшырлана хатты оқуға кірісті. Хатты оқыған сайын таныс дауыс саңқылдап

тұрып естілгендей. Енді көзге таныс жазу ғана көрініп қоймай, оқылған сөз селт еткізді. Талай уақыттан бері жақсылық-жаманшылықтың біріне сыр бермеген жүрек, аузына тығылып алыстан бір қуанышты хабардың сарынын естігендей алып ұшады. Қайғының беріш болып байланған кеуде толы дерті босағандай да сықылданады. Қуаныштан түңілген ой аяғын зорға қыбырлатады. Әлі де ой толқыйды. Шешім байлау таппайды. Хаттың бір жерінде «жас жүрегімнің жалынды сәлемін жаным саған жолдаймын!» депті. Енді бір жерінде — «Ұлы Отан соғысының алғашқы күндері әкем жолаушы кетіп еді, содан бері оның өлі-тірі екенін де білмейміз». Хат бетінде жазылған. Туып-өскен өз облысы емес. Алыстағы қаладан. «Елена Максимовна» деп қол қойыпты.

Біздің бұл қартымыз неміс басқыншылары келіп жетпес бұрын аудан орталығына шақыртылды. Онда өзі тіленген партизандардың қатарына қосылып, жолға аттанды. Дер кезінде өз үйіне келіп жете алмады. Керіп келіп қалған азулы жұртқыш ойындағысын орындатпады. Кешіккен бұл өз деревнясының өртенген орнын ғана көрді. Әйелі менен жалғыз қызы Еленаны немістер өлтірді деген суық хабар да естіді. Қарт қайратқа мініп, жаудан кек алуға бекінген. Оған міне қанша уақыт. Хаттағы жазылған кейбір сөз, Елена деген сүйікті қызының аты-бәрі де өз тұрмысына ұқсаса да, үзілгендей болған үміт жасансытады. Өлгеннің тіріліп, өшкеннің жануына да сенім білдіріп, кепіл табу да шошытады. Үмітін бекітіп, қуанышын жанды-рарлықтай белгілерді тағы да іздестірген қарт, сыртын бірнеше қабаттап орап тастаған суретті тауып алды. Ең басына «Жексенге», суреттің төменгі ашық жеріне «Еленадан» деп жазған екен. Суретке көзі түскен қарттың дауысы да шығып кетті.

— Менің Еленам, менің алтыным. Тірі екен! Павел, Михаил Львович, Никита, Катя, жүгіріңдер, міне бақыт, міне қуаныш! Келіңдер, көріңдер. Сеніңдер, — деп суретті бетіне басып кеңкілдеп отыра кетті. Қорыққандық та, қуанғандық та жүректеріне толы адамдардың жүгіріп өтіп жатқандары терезеден тез байқалды. Салдыр да, гүлдір де, дүрсіл де қодыраулатты. Шырт

1918 жылы 29 октябрь күні Москва қаласында жұмысшы және шаруа жастарының бүкілроссиялық I-съезі ашылды. Бұл съезд бұрын бөлшектеніп келген жастардың жергілікті ұйымдарын бір одаққа біріктірді және оның программасының негізгі тезистерін қабылдады. Съезде бұл жаңадан құрылған ұйымға «Россиялық Коммунист Жастар Одағы» (РКЖО) деген атақ берілді.

Осы съезд ашылған күн яғни 1918 жылғы 29 октябрь комсомолдың құрылған күні деп саналды.



уйқыда жатқандар ә дегенде мылтықтарына жүгірісіп барып, қартқа бұрылды.

— Максим Федорович, сізге не болды?

— Жолдас командир!

— Максим!!! — деген дауыстар естілді.

Толып кеткен адамдар блиндажды бастарына көтеріп кете жаздады.

— Жөніізді айтыңызшы, Максим Федорович! — деген жолдастарын кезек-кезек беттерінен сүйе берді.

— Катя, жарқыным Катя! Сен бақытты болдың, келші, қалқам!

Ол жеңінде қызыл крес пен жарты айдың белгісі бар жас қызды құшағына алды.

— Әке, айтыңызшы, менің де мандайым жарылып тұрғанын көремісін. Қарт қолындағы суретті көрсетіп:

— Мынау менің Елечам!

Осы кезде жүгіріп онбір жасар Петя келіп жетті. Петя Максим Федоровичтің мойнына асыла түсті.

— Ата, айтыңызшы тірілген кім? Мүмкін менің де анам тірілетін бола ма?

Қарт Петяны көтерген бөйменен екінші бөлмеге келіп, есін жыймаған жаралы жауынгерді бас салып құшақтады. Он айналып, он толғанды. Бірақ, жауынгердің қалшы өзгермеді. Хат пенен суретті қолдан қолға жүгірткен партизандар, әр минутты түндей, әр сағатты айдай күтіп өткізіп жатты.

Жексен есін жыйып өзі болжайтын халге бір тәуліктен аса уақытта барып келді.

— Қадыр, Салават, қайдасыңдар?! — деп сұрады.

Ешкім тіл қатып жауап бермеді. Он бойы қозғалуға мұршасын келтіретін емес. Ауырған жара, сырқыраған дене дал-дал суырып өкетіп барады. Оң жамбасына аунап жатпақ болып, қозғалып көріп еді, шалқасынан тас қып зілдей күш байлаған сықылды. Дененің қатты ауырықсынуы ма, әлде неден орманда жалғыз жатқан жиіркенішті ауыр сағаттар елестеп кетті...

Атыс үдей түскен сықылды. Жараланып, жолдастарынан жырылып қалғаны есінде Жан-жағын немістер қоршап алды. Дүппанның сақтаулы сыбағасын тартып, ақтық оғын өзіне жұмсамақ болып жанындағы автоматын алуға қолын созған сықылды еді, бір нәрсе жерге түсіп күл-күл боп кеткендей болды. Күнгірлеген құлаққа снаряд түсіп жарылғандай естілді. Селк

етіп көзін ашып алды. Бір тыныштықтағы рахат дүниеге тап бола кетті. Есігіне көрпе ұстап тастапты. Сол жақ босағада кішкене темір пештің қолтығынан қызарып от елесі көрінеді. Оң жақта жерден аяқтарын қазып орнатқан столдың үсті дәрі-дәрмекке сыймайды. Оның жоғарғы қабырғасында ұлы Сталиннің суреті тұр еді, жүректе қуаныш сезімі жарқ ете түсті. Басқан күнгірт ой тарқап кетті. Төр алдында екі ағаш төсектің бірі бос, ақ простианаменен жабулы. Екіншісінде өзі жатыр. Ортада төбеден іліп қойған пылалы жетінші шам ашық жанып тұр. Бұрынғы өз киімінің үстінде бірі де жоқ. Бәрі таза, әрі жаңа. Үйдің іші бозғылым ақ балшықпенен бір рет сыланғанға ұқсайды. Қабырғаның әр жерінің топырағы кепкен сайын үгітіліп, түскен сықылды. Іргелерде ұсақ қыйыршықтар байқалады. Төбеің бәріне қалың қағаз ұстап тастапты. Үйдің іші жылы. Тынысы тар. Орташа бойлы ғана адам тұзу жүре алады. Басқа бұл үйде ешкім жоқ.

«Қайда жатырмын» — деп ойлады жауынгер. Бірақ ойын топшылап қорыта алмады. Бар қуанышы сол өз адамдарының қолында. Дала госпитальдарының бірі шығар деп те ойлап еді, бір үйде жалғыз жатқандығы оған кепіл бола алмады. «Қайда жатырмын» деп ойлауға болады. — деп, өзінен өзі сұрағандай болды да, байлау-төктамды бір-ақ жасады: өзіміздің адамдар. Өзінің полкінен шыққаннан бергі күндер көз алдына тағы да шумақталып келіп жатты. Ақырғы түнгі неміс ракетасының жарығындағы көрініс, жараланып жалғыз қалғаны. Мүмкін жолдастарының өздері осы жерге әкеп тапсырып кеткен болар. Неғып олар мені тастап кетеді. Мүмкін олар да қыйыншылық халға ұшыраған болар. Онда қалай? Әйтеуір, өзіміздің адамдар. Оның тандайы кеберсіді, біреу болса шақырып, бар жағдайды білгісі келді. Жараланып қанша уақыт орман ішінде жатқанын, оған неше күн мен түннің өткенін білуге құмартты. Бағанадан бергі ойлау да оны қажытты. Тез шаршап, көзі қайтадан ілініп кетті.

Есікті ақырын ашып кірген Катя мылтығын еппенен босағаға сүйеп, сыртқы шинелін шешіп ілді. Сөйтті де ақ халатының құрысқан жеңін, етегін жазып, төсек-

1920 жылдың октябрі еді. Бұл кез жеңіс сағаты тақалғанымен, сыртқы және ішкі жауларға қарсы күрес әлі қызу жүріп жатқан кез болатын. Осы күндері Москвада комсомолдың III-съезі шақырылды. Съездің бірінші күні-ақ, съезге Владимир Ильич Ленин келді. Съезде Владимир Ильич сөз сөйлеп, Коммунист Жастар Одағының міндеттерін айтты. В. И. Лениннің бұл тарихи данышпандық сөзі Совет елінің жас ұрпақтарына жол көрсететін жарық жұлдыз болып қалды.



тің жанына келді де демін тоқтата қойып, жатқан жаралының дем алысы, тынысын бақылады. Сөйтті де орындық үстінде су куюлы қалған стаканның сынғанын таң-тамашаға жорыды.

— Есін жыйған екен, Содан су ішемін деп сындырған болар, — деп қуанды. — Әкем келгенше сөйлесің, жөнін айтуға жараса бұл да бір бақыт. Менің де жауды жеңуге қосқан бір үлесім болар еді-ау!

Кешке жақын жорыққа аттанар алдында Михаил Федорович жаралының халын біліп, әлі есін жыя алмай жатқанына қатты кейіді. Тамыр соғулары өте нашар, градус тартпайды деген сөз оны қыйналтты.

— Катя, — деді қызын шақырып алып, Сен бүгін түнде жорыққа бармайсың. Жаралы жауынгердің жанында боласың. Көмегің болса жасарсың. Жараларын қайта таң, сүйт, шырағым! Құт. Біз барлаушылардың әкелген мағлұматынан қортынды жасауға аттанатын болдық.

Қарт осылай деді де, қызының шашын сыйпап, маңдайынан искеді. Катя бірнеше рет дәрілер де берді, жараларын қайта таңды, спиртпенен денесін сұртті. Үйді жақсылап жылытты. Өз білетін көмегін аяп қалған жоқ. Пештің оты сөніккіреп қалған еді, аузын ептеп ашып, бір-екі араштың кесіндісін тастады.

Жаралы бір-екі рет жөтеліп жіберді де, кеудесін кере бір рет дем алғандай болды да, «ым» деп қатты ауырықсынды. Катя орындыққа келіп отырып, көңілі сергек сықылданған жауынгерге көзі түсті.

— Қандайсыз, тәуірсіз бе?

— Бұл қай жер, мен қайда жатырмын?

Бұл Жексеннің партизандар қолында ең алғаш айтқан сөзі болды.

— Сіз жау қолында жатқан жоқсыз. Өзіңіздің деніңіз қалай? Жексен «жақсымын» дегендей белгі беріп, басын изеді. Жөтелуге халының зорға келетіндігі, сөзінің азар естілетіндігі дененің әлсіздігін айтып тұрғандай еді.

Катя бір порошок сульфидінді езіп әкелді:

— Ішіңіз! — деді ол, — өкпеңізге жақсы болады.

Жексен жұтып жіберіп, тағы да жым-жырт жатты. Катя да сөйлете берудің жайсыз тиетіндігін аңғарды. Бір аздан соң жаралы тағы да ұйқыға кірді. Бұл жолы тынымдауы үш сағатқа созылды.

— Қандайсыз, тәуірсіз бе?

— Жақсымын.

— Ендеше ыстығыңызды өлшелік.

Катя термометрді бірнеше рет сілкіп қалып, Жексеннің қолтығына салды.

— Мен кімдердің қолында жатырмын?

— Сіз біздің қолымызда жатырсыз.

— Қай қаладамын?

Жексен қала менен деревняның біріндегі бомбадаң жасырынатын болмаса арнаулы адамдар жататын жер демін бе деп ойлаған.

— Сіз қалада да, деревняда да емессіз. Күдіктенбеңіз, бұл атақты бекініс — орыс орманы. Біз орыс орманның партизанымыз. Катя партизан деген сөзді бір түрлі жігерменен атады. Оның даусынан партизан деген атақты мақтаныш ететіндігі байқалды.

— Партизан! — деді Жексен. — Мен мұнда жатқалы неше күн болады?

— Өткен түннен бері.

Жексен бәрін де білгісі келді. Бірақ Катя бұдан ары ештеме айтпады.

— Бәрін де кейін естірсіз, дем алуыңызды сұраймын, — деді.

1921 жылы 13 июль күні Оренбург (қазіргі Чкалов) қаласында Қазақстан комсомолының 1-съезі шақырылды. Съезге 194 делегат қатысты. Съезд комсомолецтердің халық шаруашылығын қалпына келтіруде белсенділікпен қатысуы, ескі ақсақалдық-феодалдық қалдықтармен күресу және біздің елімізде социализмнің жеңісі туралы мәселелер қарады. Сол сыяқты, съезд комсомол ұйымдарының кезектегі міндеттері, комсомол тәртібін нығайту және Жастар Одағының партия жұмыстарына белсенділікпен қатысуы жайында қаулы алды.

Съезд РКЖОның қазақ облыстық комитетін сайлады.

Біраз көзін ілгеннен кейін тағы да тынайып қалған еді.

— Шөлдедім! — деді ол.

Дәрі-дәрмек қойылған стол жанында газет оқып отырған Катя, орнынан ұшып тұрды.

— Енді тамақ ішіңіз.

Ол пештің үстінен күні бұрын пісірілген дәмді қашаны, анда-санда шүмегінен жалын бүрккен көк шәйнекті әкелді. Аздап сүт қосып шай ішкізді. Тыста жүгіріп келе жатқан біреудің тықырын естіп, Катя жалт бұрылды.

— Катя, тез! — деген сөзін ақырын айтып, қайтадан шығып жүргіріп ала жөнелді Петя.

— Мен қазір келемін, — деді де Катя көп кешікпей шпнелін киіп, мылтығын алып есіктен шықты. Кірген киімдері өзіне дәл, жүрісі шыйрақ, жап-жас бала да Жексенге жұмбақ сықылды көрінді. Ол таң-тамашаға қалды. Бәрі де таңдандырады. Көзге көрінген екінші адам — әлгі бала. Арада бір сағаттай уақыт өткізіп, Катя қайта оралды. Асығыспенен күткен Жексен өзіне таныс партизанның жанында бөтен әйелдің келіп кіргенін көрді. Басындағы үлкен түбіт шәлісін қара жағалы қысқа еркек пальтосының ішіне жіберіпті. Пимасын шешіп, ішіне түскен қарын қакты да, екі жан қалтасынан екі жартылыққа толы сүтті алып берді.

— Тамақ ішетін болды ма? — деп күңк етті бөгде әйел.

(Жалғасы бар.)



ОНЫ ДА ӨСІРГЕН КОМСОМОЛ



О Ч Е Р К

Суреттерін салған К. БАРАНОВ

Мұзафар ӘЛІМБАЕВ

ӨНЕГЕСІЗ ӨСУ ЖОҚ

Смағұл қарт кетпенін алып, егіс басына қарай беттеді.

— Әке, мен де бірге барайыншы!

— Қарағым, онда саған не бар?

— Қызылша өсіруді мен де үйренейінші...

— Одан да кітабыңды оқы, қарағым. Қос қоянды бірден қуып қайтесің?

— Әке, айласын асырған екеуім де ұстайды.

— Сөзден жеңілдім, жүр, жүре ғой, Мәмилә қарағым!

Бұл әңгіме Лабасы тауының бауырында «Көксу» өзенінің бойындағы бұрынғы «Көксу» колхозында 1932 жылы жаздың бір күнінде болған еді.

Тап осы әңгіменің болашақ атақты қызылшашы үшін қандай үлкен себебі боларын әке де, қызы да білмеген шығар...

СЫН САҒАТТА

Еліміздің тардырын сынға салған Ұлы Отан соғысының алғашқы ауыр кезеңі еді.

«Бәрі де майдан үшін, жеңіс үшін!» — ол күндердің ұлы ұраны осы болатын.

Майдандағы жауынгер жауға қарсы аянбай қалай күрессе, тылда еңбек адамдары да сондай жанқиярлықпен еңбек етті. Әрбір қарапайым совет адамы жеңістің алып тұлғасына өзінің үлесін қосып жатты.

Сол көптің бірі комсомолка Мәмилә еді. Ол Талдықорған облысында тұңғыш шыққан біргеқтаршы—қызылшашы.

— Қант қызылшасындай ерекше бапты, көп еңбекті тілейтін ешбір егіс жоқ деуге болады — дейді Мәмилә Әлімбаева.

1942 жыл. Мәмилә біргеқтарлық егісін аралап жүр.

1924 жылы 12 июль күні Россиялық Коммунист Жастар Одағының VI-съезі шақырылды Съезд Россиялық Коммунист Жастар Одағын Россиялық Лениншіл Коммунист Жастар Одағы (РЛКЖО) деп атау туралы қаулы алды. Комсомол ұйымының Лениншіл комсомол деп аталуына байланысты, съезд бүкіл комсомол мүшелеріне арнап манифест таратты.

Өсіп келе жатқан қызылшалардың әр жерден түйінде-рін жұлып алып қарады. Қызылшаның түбі қарайған екен. Жедел шара қолданбаса, егістің шіріп кетуі хауші бар.

Қызылшаның бұл «ауруы» менің егісімде ғана ма, жоқ көрші біргеқтаршыларда да бар ма екен? — деп Мәмилә оларға да барды. Дәмет те бүгін аңғарыпты, оның қызылшасы да осы «ауруға» шалдыға бастапты. Бұл Мәмиләні де, Дәметті де ойға қалдырды.

Екі-үш күн ішінде Мәмилә қызылшаның түбінің топырағын қопсытып шықты да, бір рет суарып көрді. Бұл батылдық жақсы нәтиже берді. Өйткені қызылша ауа мен судың жетпегендігінен қарайған екен. Осының артынша қызылша тез оңала бастады.

Қант қызылшасын баптауда кездескен қиыншылықтарды жеңе білген Мәмиләнің тәжірибесі де күн санап бай берді.

Жас Мәмилә сын сағаттарда комсомолка деген атағына кір келтірген жоқ, сыннан сүрінбей өтті.

Ол бүкіл облыс қызылшашыларының алдыңғы сапында болды. Соғыс жылдарында Мәмиләнің учаскесінен алынған қант қызылшасынан 1700 пұт қант жасалынды.

КОМСОМОЛ — ЖАСТАР ЗВЕНОСЫ

Ұлы отан соғысы біздің жеңіспен аяқталды. Совет халқы бейбіт еңбекке кірісті.

1946 жыл. Комсомол ұйымының секретары бір күні Мәмилә Әлімбаеваға:

— Сен, өз еңбегіңмен жұрт көзіне түстің. Бұны халық жоғары бағалады, сені ССРО Жоғарғы Советіне депутат етіп сайлады. Енді қатарлы адам болып қана қоймау керек. Сен, мұнымды қалай көресің? — деп еді:

— Мен комсомол — жастар звеносын құрсам, деп Москвада ойлап едім, — деп жауап берді Мәмилә.

Комсомол ұйымы жыйналыста звено составын белгіледі. Звено халық алдында үлкен міндеттеме алып, жігерлене жұмысқа кірісті. Бұл жыл ауыр жыл болды. Еліміздің бірсыпыра аудандары құрғақшылыққа ұшырады. Ендеше екі есе еңбек ету керек деп ұйғарды олар.

Тәжірибелі жетекшінің басшылығы да табыстың жақсы кілті емес пе! «Еңбегі көптің өнбегі көп». Бұл жылғы табыс серттің орындалғанын дәлелдеді. Мәмилә басқарған комсомол — жастар звеносы өз күтіміндегі 5 гектар жердің әрбір гектарынан 707 центнерден қант қызылшасын алды.



ДЕПУТАТ — ХАЛЫҚ ҚЫЗМЕТШІСІ

Хат тасушы бүгін де бір топ хат және телеграммалар әкелді.

Мына бір хат сонау Владивостоктан келіпті. Мәмиленің есімі ол жерде де таныс екен. Қыйыр шығыс соғыс округінің органы «Тревога» газетінің редакторы жазыпты. Ол Мәмилені хұрметті атақ алуымен құттықтапты. Совет халқының, Мәмиле сыяқты Социалистік Еңбек Ерлерінің табыстары жауынгерлерімізді ерлік пен батырлық рухында тәрбиеленуге шақырады — депті. Ол Мәмиледан «Тревога» газетіне қызылша өсіруде зор табысқа қалай жеткенін жазуды сұрапты.

Екінші хат Алакөл ауданынан екен. Бір кезде көп жылдар бойы Осипова қаласында шахтер болып істеген қазіргі мүгедек Драчев Роман Иванович жазыпты. Жергілікті орындағы кейбір қызметкерлердің салақтығынан көптен бері майданда өлген баласы үшін берілетін үкімет көмегін ала алмай жүрген көріпеді. Мәмиле бұған да жәрдемін тигізді. Қарт өткен айлардағы ақшасын түгелдей, 3000 сомға тарта үкіметтен көмек алды.

Өзінің депутатына колхозшы да, солдат та, қызметкер де, кенші де, хат жазып, хабарласып тұрады.

Сайлаушылар өз сенімін ақтап отырған қалаулы депутатына риза. «Халық қызметшісі бола білгендігіңіз үшін сізге шын жүректен алғыс айтамыз» деген хаттар да көп.

ЖАҚСЫ ТӘЖРИБЕ — КӨПКЕ ОРТАҚ

Біз Киров ауданы орталығынан «Еңбекші қазақ» колхозына жеткенде, Мәмиле үйінде жоқ екен.

— Көрші колхоздарға кеткен еді, — деді бізге Рысжан ағай, — үйге кіріңіздер. Біраздан соң келер.

— Жай кеткен бе еді? — деп сұрадық, бір сыр тартқымыз келіп.

Мәмиленің звеносындағы Әнжан апай:

— Мәмиле өз ісі мен ғана шұғылданып қоймайды. Жақсы тәжірибе көпке ортақ қой. — деді. — Көрші колхоздың қызылшашыларына кеңес бергелі кетіп еді.

Мәмиле қасқарая бір-ақ қайтты.

— Бүгін Ленин атындағы колхозда болдым. — деді ол бізбен сәлемдесіп болған соң, — Қызылшаның алтын айы — август. Бұл айда қызылша күніне 3-4 грамнан салмақ қосады. Сондықтан августың ішінде оны үш рет суарып үлгеру керек. Егістерін көріп қайттым, жақсы өсіп келеді екен. Соңғы суаруларында басы-қасында болдым.

Мұндай кеңестер тәжірибе мектебіне айналған Мәмиленің үйінде де, егіс басында да, облыс орталығында да болып тұрады.



ДАҢҚА ҰЛАСҚАН ДАҢҚ

— Күні кеше Мария Демченко қант қызылшасының гектарынан 500 центнерден өнім алғанда, бүкіл дүние таң қалған еді. Біздің Мәмиле еркін еңбектің жемісі де көп екендігін тағы да дәлелдеді-ау! — деді колхоз партия ұйымының секретары Дарқанбай Қапшағаев Мәмилені және оның звеносын құттықтай келген колхозшыларға.

Бүгін радио қуанышты хабар әкелді. Еңбек біздің емде қандай жоғары бағаланады! Звено 1947 жылғы қант қызылшасының 2 гектарынан 815 центнерден өнім алғаны үшін Мәмилеға Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, звенодағы Дәмет Бейбүтова «Еңбек қызыл ту» орденімен, Әзінат Гобиева «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен наградталыпты.

Кәзір Мәмиленің кеудесінде «Орақ-Балға» алтын медалі, Ленин ордені, «Хұрмет белгісі» ордені, «1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалі жарқырайды. Бұлар Мәмиленің адал еңбектерінің айғағы.

Еңбекке сыйлық та сай. Мәмиленің табысы колхозшы шаруалардың әл-ауқатының өскенін көрсетеді. Ол бір жылғы еңбегі үшін колхоздан 15 центнер бидай, 8 центнер қант, 7,5 центнер тары, 5 центнер картофель, 8000 сом ақша алды.

Быйылғы табыс одан да көп. Мәмиленің звеносы 6 гектар егістің қазір жыйнап үлгерген 2 гектарынан 850 центнерден өнім алып отыр. Бұл комсомол-жастар звеносының Ленин комсомолының 30 жылдық даңқты мерекесіне тартуы.

Коммунист Мәмиле өткен өмірін еске ала келіп:

— Мен Ленин комсомолы баулып ұшырған көп түлектің біреуімін. — дейді.



МҮҒАЛИМА

Ә Н Г І М Е



С. БАҚБЕРГЕНОВ

— Өзіміз оқушы болып жүргенде, мұғалім дегеннің кім екенін жақсы білмеген екеңбіз. — деді Айнаш, — Пендей нәрсе болмасын басыңа түскенде, бағасы арғады. Мен институтты бітіріп, қолыма диплом алғанға дейін көп толғана қойғаным жоқ. Мұғалім деген өзінің білгенін балаға үйретуші ғана деп түсініпші еді. Мұғалімнің қолында кітабі, программасы болады. Сонда не жазылса, соны үйрете береді деп ойлаушы едім.

— Сонда, болашақ оқытушыларға институт қабырғасында мұғалім қандай болу керек дегенді үйретпегені ме? — деді әңгіме тыңдаушының бірі.

— Үйреткенде қандай, педагогикадан сабақ беретін бір қарт доцент күнде келіп лекция оқыйтын. «Мұғалім—бала жанының инженері болу керек» дегенді сабақ сайын айтушы еді. Мұғалім туралы талай-талай кітаптар оқып, лекция, баяндама тындадық. Бірақ, соның бірде-бірі қолыма диплом алғандағыдай әсер етіп, жүрекке қатты толғау сала алмады. Институт директоры қолымды қатты қысып, дипломды ұсығанда, жүрегім лүгілдеп, саусақтарым дірілдеп кетті...

Айнаштың дем алыс күнгі кеште мұғалімдерге айтқан бір сыры осылай басталып еді.

Ол диплом алған күнгі қуанышты бүгін ғана көп алдына салып отыр. Өзгеше бір, өзіне де түсініксіз қобалжу, іштей толғау салған сабырсыз кештің сырын бүгінге дейін сақтап келді... Мынау диплом. Енді аз күннен соң түсі таныс емес, сырын білмейтін балалардың алдында барып, соларды оқытып, тәрбиелеуді өз міндетіне алады. Кеше ғана өзі партада отырып басқадан білім, тәрбие алған. Ал, бүгін ше? Бүгін ол тәрбиеші, біреуге білім үйретуші ұстаз.

Мұндайдары қобалжу алды артына, өткен мен ертеңгіге үміле қаратпай қоймайды. Сол бір кеште Айнаш сонау бір өтіп кеткен күндерін де есіне түсіріп

1928 жылы 23 февраль күні еліміз Улы Октябрь жеңісі мен бейбітшілік еңбек жемісінің қорғаны— айбынды Қызыл Армияның 10 жылдық мерекесін тойлады. Дәл осы күні ССР Одағы Орталық Атқару Комитеті азамат соғысы жылларындағы жауынгерлік істері үшін комсомолды Қызыл Ту орденімен наградтау туралы қаулы алды. Бұл награда комсомолға өзінің VIII-съезі үстінде тапсырылды.

көрген. Ең алдымен партаның алдыңғы жағында отыратын, тұлқымы салбыраған кішкене қара қызды есіне алған еді. Шашының артын келтелеп кескен, маңдайында ұзынша кекілі бар, қара көзді, қыйылған қасты, таңқыштау қырша мұрынды, қыз суреті көз алдына келеді. Бұл оның өзі. Аузынан ана сүті кетпеген сәби еді ол онда. Мектепте сабақ үйреніп, шәкірт болды демесең, үйіне келе анасына еркелеп, мойнына асылып, қыңқылдап тұрып, тәтті сұрайтын.

Әдепті, сәл ұялпақтау, сөзге сараң, ұяң, бірақ сабақты жақсы оқыйтын үздік оқушы болған күн бар. Мұғалімнің мақтауына, ата-ананың алғысына ие болған жақсы күндер естен шыққан жоқ.

Айнаштың бұдан да гөрі есінен кетпейтін, ұмытылуға тиісті емес, қызыққа батқан көңілді балалық шағы бар. Ойлап кетсе, бәрі де еске түседі. Ауылдағы жеті жылдық мектепті бітірген жылы «Артек» — балалар лагеріне барып дем алып қайтқан. Бұл кез баяғы ұялшақ, ұяңдықтың сабырлы, байыпты, салмақтылыққа айналған кезі.

Шәкірттік жолдың да өзінше қыйын-қыстау кезеңі, бұраңы көп, бұлтарысты жолы болады. Бұл жолды Айнаш қалаға барып, оқығанда көрді. Ата-ананың ыстық құшағынан шығып жылы төсек, жайлы орын, дайын ас, тігуді, жуулы киімнен гөрі қыйындау жолға түсіп оқыды. Ұзақ түндерде кітапқа үңіліп, шаршап барып кеш жатты, ерте тұрды.

Сол кезде оқушылық жол тым ұзақ, таусылмастай алыс, әрі қыйын жол сияқты көрінупі еді. Сол күндер кәзір бір күнгідей болмай отыр. Мектеп партасындағы он жыл, институттағы бес жылды, пионер болып, одан комсомол қатарына өткен қуанышты күндерді бір сағатта шолып шығып, алға қарайды.

— Класқа бірінші енгенде қандай болдым? Нақ сол сағатта жақсы бір суретші болып, салса немесе жазушы болып жазса, қандай болар еді. Тап мына өзім сияқты отыздан аса бала маған қарап отыр. — деп, бұрышта кітапқа үңілген жас баланың басынан сыйпап қойды Айнаш. — Кілең бір монтыйғап жастың мөлдіретеп көздері маған қарайды. Жаңа келген адамға тандана қараған да түрлері бар. Әрбір жастың көзінен үміт сәулесін көресің. Сол үміт пен тілектің жетекшісі мен ғой деген жауапты ой мұғалімге сол жерде түседі екен...

— Мұғалім, — деді қайталап ол, — әрбір жастың болашақ үміті мен тілегінің ең сенімді жетекшісі. Өйткені, мұғалім—баланың ақыл-ойын, сана-сезімін жетектеп дұрыс жолға, бір арнаға салушы. Мұғалімге

сыншы да көп. Алдында қанша бала отырса, соның бәрі сыншы. Сол балалардың өзі емес, сен оқытқан әрбір баланы көрген әрбір адам сыншы. Өйткені отар сен оқытқан балала қарап, өзіне баға береді.

Кешегі шәкірт бүгін ұстаздық етіп, өзінің сырын айтады. Ертеңгі күнге көз жібере отырып армансыз-быш, ғасырлар бойы қазақ қызының арман-ойы, тілек-мүддесінде ертегідей қыял ғана болған мақсатқа жеткенін айтады.

— Айнаш қалқам, айтқаның бәрі орынды, — деді көптен бері үнсіз отырған қарт мұғалім, — әркім өз жолын білсе, бір мақсатқа үлкен жолмен жүре отырып, үлкен кішіге көргенін, кіші үлкенге білгенін айтса, қандай жарасады!

Қарт сөзінің түйіні көп жылдық тәжірибені айтумен аяқталып еді.

* * *

Айнаш кластың артқы жағында отырған баланың қасына келіп:

— Ұқтың ба, Әбіш? — деді.

— Ұқтым.

— Оқысаң ұға ма екенсің, көпе айтып берші?

Бала сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері туралы анықтаманы сырғытып айтып шықты да, мысал келтірші деген жерге келгенде мүдіре берді.

Айнаш баланың жақсы-жаман жағын көре қойды да, тез қорытынды шығарды. Әбіштің жаттап алу, ұғымпаздық қаблеті күшті, бірақ оны қорыта алмайды. Баланың көрген немесе оқыған нәрселеріне баға беріп, соның сынын, сырын ұғу жағына көңіл бөлу керек, деп ойлады.

Айнаш балалардың мұндай өзгешіліктерін жазуды әдетке айналдырған. Жазу дәптерінің ең бір көрнекті жерінен Әбіш те орын алып еді. Ең алдымен оған сабақ беруші мұғалімдермен жеке-жеке сөйлесіп, Әбіштің ол сабақтарды қалай оқығанын біледі.

Әбіш тарих, география, ботаника, айта берсең әдебиет сабағын да жақсы оқыйды. Ал, тіл сабағын, Айнаш беретін сабақты білмейді. Оқы десең, ережені жаттап алып, анықтамасын мүлтіксіз айтып шығады да, қарап отырады. Бұл Айнашты қатты толғантады. Өзінің тәжірибесіздігінен көреді. Ол әлі жас, тәжірибесі аз. Тынбай ізденеді. Көп ізденуден кейін, Айнаш күнделік дәптеріне былай деп жазды:

«Мұғалімнің ең үлкен олақтығының бірі — баланың кемшілігін көре тұрып, соны түзудің жолын білмегендік екен... Әбішті анықтамаға үйретпей, тек қана жаттығуға салу керек. Жаттығу...»

Айнаштың ертеңгі болар сабаққа әзірленіп, ұзақ түн отырып, сарылып кітапқа үңілетін кештері жиі болады. Осында ол сабақты әзірлеп, соған дайындығын

Бүкілодақтық Лениншіл Коммунист Жастар Одағының Орталық Комитеті жастарды жаңа құрылыстарға шақырды. Сталиндік бірінші бесжылдықтың тұңғышы болған Сталинград трактор заводын салу үшін жеті мың жас жігіттер мен қыздар келді. Өнеркәсіптің негізгі салаларына 200 мың комсомолец, жастар жіберілді. Олар Днепр су электр станциясында, Ростсельмаш, Оралмаш заводтарында, Соликамск, Березинка химия комбинаттарында, Донец және Кузнец көмір бассейндерінде жұмыс істеді.

жасап қоймайды. Сабақты әзірлеу үстінде соны тыңдайтын әрбір шәкірттің өзгешілігін ескеріп, сол балаларды жеке-жеке көз алдына келтіреді. Мұғалімнің осындай тынышсыз күндері, қыйналатын күндері көп болады екен десең, Әбіш оның сабағын жақсы білер ме еді? Жаттап алмай, ұғып алар еді деп ойлады ол. Мұғалім көретін қыйындықты бала ұққан болса, сабақты нашар оқымауға тиіс. Жоқ.. Мұғалім баладан алушылық күтпейді. Мұғалімнің өмірі — күнде күрес.

Арада бір талай уақыт өтті. Айнаш жаңа ғана мектептен қайтып еді. Іле-шала есік қағылды. Келген өзінің жақсы көретін досы мұғалима Ажар екен. Айнаш Ажардан бүгінгі қуанышын жасырмай айтты:

— Өзі оқытып, тәрбие берген әрбір баланың ертеңгі күні мұғалім үшін қандай қуаныш! Бала ата-ананың қуанышы, артына қалдырар үміті болса, мұғалімнің оған қосар үлесі бар. Үлес қосқан адамның сол үлестей қуанышы, творчестволық шабыты бар. Бала, оның ішінде жақсы оқыған бала—мұғалімнің қуанышы. Сен, әлгі 7 класта оқыйтын Әбіш деген баланы білесің бе?

— Нәге білмеймін. Сабақты нашар оқыйтын еді ғой ол.

— Ол кәзір жақсы оқыйды. Мен оның жақсы оқый бастағанына қандай қуандым! Баласының жақсы оқуына мән бермейтін кейбір ата-ананың қуанышынан әлде қайда артық болған шығар.

— Я, сенің ұстаздыққа берілгендігің бар, — деді Ажар.

— Берілмеген адам мұғалім де бола алмайды. — деп Айнаш тұжырып айтты.

* * *

Оқушылар тауға серуен жасауға шықты. Топты бастаушы комсомол мүшесі жас мұғалима Айнаш еді.

...Әбіш тау қыясында, биік тастың басында тұр. Қыя тастың ең көрнекті жеріне, үлкен әріппен «Ленин комсомолының 30 жылдығы жасасын!» деп жазды.

Оқушылар тастағы жазуға қарайды. Тас басында күлімсіреген Әбіш тұр. Әбіш күледі. Ол биікте тұрып, болашаққа қарап күлімсіреп тұрған сыяқты сүйкімді еді.



Уәде



Әңгіме

Л. ПАНТЕЛЕЕВ

Суреттерін салған В. МИНКОВ

Әттең, бұл кішкентай адамның атын, қайда тұратынын, әкесі мен анасының кім екенін сендерге айта алмаймын. Қара көлеңкеде оның бетіне жөндеп қарай да алмадым. Тек мұрнының үшіндегі сепкілі, аспалы, белбеусіз шолақ шалбары ғана есімде қалыпты.

Жаздың бір күнінде Васильев аралында, ақ шіркеу маңындағы бір бауға келдім.

Бауда жұрт аяғы басылған, көшпелерде шам жанған, әлде қайдан қалың ағаш сыртынан күзетшінің қонрауы сылдырайды.

Жанымда, бұта түбінде әлде кімнің жылғаған даусы құлағымға шалынғандай болды да, кенет тоқтай қалдым.

Мен көздеп жатқан жалғыз аяқ жолға бұрылдым. Аңдай жерде тас үйшік бозарады. Оның сырт көрінісі қалалық баулардың бәрінде де бола беретін будқаға немесе күзетші отыратын күркеге ұқсайды. Сол үйдің жанында, жеті-сегіз жасар бір бала еңсесі түсіп, солқылдап жылап тұр.

Мен жанына келіп, тіл қаттым:

— Әй, бала, саған не болды?

Ол жылауды қойып, біреу команда бергендей дереу басын көтеріп алды да, маған жалт қарады.

— Түкте болған жоқ.

— Неге түкте емес? Кім саған тиген?

— Ешкім де тиген жоқ.

— Ендеше неге жылайсың?

Баланың сөйлеуге де шамасы келмейді. Мұрпын үсті-үстіне тартып, жасына булығып өксиді.

— Жүр, кеттік, — дедім мен, — көрдің бе, түн боп қалды, бауды жауып тастайды.

Баланы қолынан ұстап жетектемек болдым. Бірақ, ол қолын дереу тартып алып:

— Болмайды, — деді.

— Неге болмайды?

— Кете алмаймын.

— Қалайша? Неге? Неге кете алмайсың?

— Сол, кете алмаймын.

— Не болды, сырқатшысың?

— Жоқ, — деді ол, — саумын.

— Ендеше неге кете алмайсың?

— Часовоймын мен, — деді ол.

— Не қылған часовой? Қандай часовой?

— Сіз немене түсінбейсіз бе? Ойнап жүрміз.

— Кіммен ойнап жүрсің?

Бала сәл кідіріп, күрсінді де:

— Білмеймін, — деді.

Шынын айтқанда, мен бұл бала ауру шығар, тегі осында бір килтишан бар-ау деп ойладым.

— Жарқын-ау, бері қарашы, не деп тұрсың өзің. Ойнауың қалай, кіммен ойнағаныңды білмеуің қалай?

— дедім оған.

— Я, білмеймін, — деді бала. — Мен орындықта отыр едім. Бір ересек балалар келді де: «Сорғыс ойынына қосыласың ба?» — деді. «Қосыламын», — дедім. Ойнай бастадық. Маған: «Сен сержантсың», — деді. Бір үлкен бала маршал болды... Ол мені осы жерге алып келді де: «Бұл ара біздің оқ-дәрі тұратын қоймамыз. Сен осыған часовойсың. Мен басқа біреуді жібергенше сен осы арада тұрасың», — деді. «Жақсы» — дедім мен. Ол: «Кетпеуге уәде бәрші», — деді.

— Сонсоң?

— Сонсоң мен: «Кетпеймін», — деп уәде бердім.

— Ал сонан соң?

— Сонан соң міне осы. Әлі тұрмын, олар жоқ.

— Солай ма! — дедім мен күлімсіреп, — сені мұнда қойғалы көп болды ма?

— Ол кезде жарық болатын.

— Сонда олар қайда жүр?

Бала тағы да күрсінді де:

— Солар кетіп қалды ғой дәймін, — деді.

— Неге кетеді?

— Ұмытқан шығар.

— Онда сен неменеге тұрсың?

Совет үкіметі, большевиктер партиясы, ұлы көсеміміз Сталин жолдас жастардың жанқыярлық еңбектерін әрқашанда аса жоғары бағалап отырды. Комсомолец пен жастардың бірінші бесжылдық жоспарды орындаудағы ерлік еңбектері үшін Совет үкіметі Бүкілодақтық Лениншіл Коммунист Жастар Одағын Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтады. Сөйтіп, комсомол қос орденді комсомол атанды.

— Е, мен уәде бердім ғой.

Мен әуәлі күліп жібере жаздадым да, тоқталып қалдым. Өйткені, күлетіні жоқ, баланікі жөн. Рас, уәде берген екенсің, — жарылып кетсең де, тапжылма. Ойын ба, шын ба — бәрі бір мұның.

— Не осылай еді дә. Ал енді қайтпексің? — дедім

— Білмеймін, — деп бала тағы жылады.

Қалай да оған көмектескім келді. Бірақ, мен не істей аламын? Мұның уәдесін алып, қарауылға қойып кетіп қалған есуас балаларды іздеуім керек пе? Ол жүгермектерді қазір қайдан табарсың. Мүмкін олар ішерін ішіп, жерін жеп алып, түнгі ұйқыда түс көріп те жатқан болар.

Ал мұндағы адам қараңғы түнде аштан аш сарылып күзетте тұр.

— Қарның ашқан болар? — деп сұрадым одан.

— Я, — деді ол, — қарным ашты.

— Ендеше, — дедім мен ойланып, — сен үйіңе бар да, дереу тамақ ішіп келе қой. Оған дейін мен орнында бола тұрайын.

— Бәлі, — деді бала, — ол бола ма экен.

— Неге болмайды?

— Әскери адам емессіз ғой сіз!

Мен желкемді қасыдым.

— Дұрыс. Бұдан ештеңе шықпайды экен. Күзеттен сені босатуға да менің қақым жоқ. Мұны тек әскери бастық қана істей алады... — дедім.

Дәл осы сәтте басыма бір ой келе қалды. Баланы берген уәдеден, күзеттен босатса, тек әскери адам ғана босата алады. Ендеше не керек? Демек, әскери адамды іздеп табу керек.

Мен балаға ешнәрсе айтпай «кідіре тұр» дедім де, уақыт оздырмай, есікке қарай жүгірдім.

Қақпа жабылмалты, күзетші әлдеқайда алыста қонрауын шылдырлатып әлі жүр.

Мен қақпа алдына келіп, лейтенант па, тіпті катардағы жауынгер ме — әйтеуір бір әскери адам өтпес пе экен деген ниетпен тоқтап тұрдым. Бірақ, бас қылғандай, көшеде бір әскери адам ұшырасайшы.

Мен әбден күдер үзіп, бауға қайта оралғалы тұрғанымда, аңадай бұрыштағы трамвай тоқтайтын жерде айналасын көкпен әдіштеген, атты әскерлер командирі киетін, сарғыш фуражкалы бір адам көзіме түсті. Мұндай қуанбасын. Трамвай тоқтайтын жерге өңтелзй жүгірдім. Мен жетер-жетпесім де, трамвай келіп қалды да, атты әскер майоры — әлгі командир де басқалармен бірге вагонға ұмтылды.

Мен екі ыйығымнан демімді алып еңгіріп жеткен бойда оның қолынан ұстай алып:

— Жолдас майор! Жолдас майор!.. Тоқтаңызшы, — деп безектедім. Ол артына жалт бұрылып, маған таңдана қарап:

— Немене? — деді.

— Не дейтіні жоқ, бау ішіндегі күркенің жанында күзетте бала тұр, ол кетер емес, уәде беріңті.. Өзі тигімдей. Жылап тұр, — дедім.

Командир маған таңдана қарады.

Мен жай-жапсарды түсіндіре бастағаннан кейін ол сөзге келмей:

— Жүріңіз, жүріңіз, — деді. — Әлбетте бару керек. Манадан бері осылай демейсіз бе..

Бауға келсек, күзетші қақпаға құлып салып жатыр экен. Мен бауда балам қалып еді дәп, аз кем кідіре тұруын өтіндім. Сөйтіп, майор екеуіміз бауға кірдік.

Қараңғыда ақ күркені әрең таптық. Бала баяғы өзім көрген жерде тұр экен. Бұл жолы жылауы бәсең. Мен дыбыс бердім. Ол қуанғаннан айқайлап та жіберді.

— Міне бастықты әкелдім. — дедім.

Бала командирді көріп бой түзеіп, сіресіз қалды, тіпті бірнеше сантиметр өсіп кеткендей де болды.

— Жолдас қарауылшы, — деді оған командир. — Әскери атағыңыз қандай?

— Сержантпын, — деді бала.

— Жолдас сержант, сізге сенің тапсырылған постыны қалдыруды бұйырамын.

Бала үндемей, мұрнын бір тартып:

— Өзіңіздің әскери атағыңыз қандай? Қанша шапалыңыздың барып көре алмай тұрмын, — деді.

— Мен майормын.

Сол-ақ экен, бала өзінің сұр кенкісінің құп қағарына қолын апарып:

— Құп, жолдас майор, бұйрығыңыз бойынша постыны қалдырамын, — деді.

Ол мұны өте келістіріп айтты, біз шыдай алмай күліп жібердік. Ауыр жүк ыйығынан түскендей бала да көңілдене күлді.

Біз үшеуіміз бақтан шығысымен-ақ, күзетші қақпаны жауып құлып салды.

Майор балаға қолын созып:

— Жарайсың, жолдас сержант! — деді, — Сен дағыз жауынгер боласың. Көріскенше сау бол.

Бала әлдене деп күбірледі де:

— Сау болыңыз, — деді.

Майор трамвай келгенін көріп бізбен қош айтысты да, кете барды.

Мен де баламен қоштасып, қолын қыстым.

— Әлде сені үйіңе апарып салу керек пе? — деп сұрадым.

— Жоқ, мен жақын жерде тұрамын, қорықпаймын, — деді бала.

Мен оның кішкентай сепкіл мұрнына қарап тұрып, я ол шынында да ештеңеден қорықпайды деп ойладым. Мұндай жігерлі, мұндай сөзге берік баланы қараңғы түн де, бұзақылар да, одан зорлар да қорқыта алмайды.

Ал, ер жетіп жігіт болғанда ше?.. Онда кім болары әзір белгісіз, бірақ кім болса ол болсын — оның нағыз адам болатынына күмән жоқ.

Маған осындай ой келді, бұл баламен тапысқаным өзім әбден сүйсіндім.

Сүйсінгендіктен де оның қолын тағы да қатты-қатты қыстым.

Аударған М. Иманжанов

ТАМАША КІТАП

(«БК(б)П Тарихы қысқаша курсы» кітабының жарыққа шыққанына 10 жыл толды.)

К. САҒЫНДЫҚОВ

Бұдан он жыл бұрын, 1938 жылы 1 октябрьде «Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының тарихының қысқаша курсы» жарыққа шықты. Бұл аса маңызды, ғылыми кітапты біздің ұлы көсеміміз, ұстазымыз, атамыз данышпан Сталин жазды.

Бұл кітап марксизмнің ең таңдаулы шығармаларының бірі болып табылады. Мұнда Ленин-Сталин партиясының асқан тәжірибесі, ұлы данышпандығы көрсетіледі. Еліміздің жұмысшы табының патша өкіметіне қарсы, помещиктер мен капиталистердің өкіметіне қарсы жүргізген күресі сыйпатталады.

1905 жылы Россияда буржуазиялық-демократиялық революция болды. Бұл революцияда большевиктер партиясы бастаған жұмысшы табы патша өкіметін құлатып, өкметті өз қолына алу үшін күрес жүргізді. Бірақ ол кезде бұл мақсатты орындаудың сәті түспеді, өйткені жұмысшылар мен шаруалар берік одақтаспаған еді. Жұмысшылардың ұйымшылдығы, революциялық сапасы мен тәжірибесі кем еді. Оның үстіне, байлардың итаршылары — меньшевиктер, эсерлер тағы басқа осылар сыяқты буржуазияшы партиялар жұмысшы табының мүддесін сатып кетті.

1917 жылы февральда екінші буржуазиялық-демократиялық революциясы болды. Ленин—Сталин партиясының басшылығы арқасында жұмысшылар мен шаруалар патшаны тақтан құлатты. Бірақ меньшевиктер мен эсерлер бұл жолы да жұмысшы табына опасыздық істеп, өкімет билігін капиталистер мен помещиктердің қолдарына беріп қайды. Февральдан кейін құрылған Уақытша Үкімет халықтың тілегінің бірде-бірін орындамады, соғысты жүргізе берді. Фабрика-заводтар мемлекеттің, халықтың қолына берілмей, бұрынғыша капиталистердің меншігінде қалды. Шаруаларға жер берілмей, ең жақсы, шұрайлы жерлер бұрынғыша помещиктердің қолында қалды. Қысқасы, буржуазиялық Уақытша Үкімет патшаның саясатын жүргізді, солай болғандықтан енді Уақытша Үкіметті құлату керек болды. Ол үшін социалистік революция жасау керек еді.

Данышпан көсемдеріміз Ленин мен Сталиннің, большевиктер партиясының басшылығы арқасында, еліміздің жұмысшы табы кедей шаруалармен қол ұстаса отырып, 1917 жылы октябрьде капиталистер мен помещиктердің өкметін құлатып, билікті өз қолына алды.

Октябрь революциясының арқасында Россиядағы барлық еңбекшілер бостандық алды.


Партиямыздың тарихы Совет мемлекетінің қалай өсіп пығайғанын, Сталиндік бесжылдықтар ішінде еліміздің қалай гүлденіп, көркейгенін баяндайды.

Балалар, большевиктер партиясы дүние жүзіндегі ең қуатты, ең ыштымақты, ең жеңімпаз партия. Өйткені оны ұйымдастырғандар — адамзаттың асқан данышпандары Ленин мен Сталин, өйткені ол — жұмысшы табының партиясы, барлық еңбекшілердің мүддесін қорғайтын партия.

Совет елін жеңістен жеңіске жеткізіп, Совет халқының тұрмысын, мәдениетін гүлдендірген, сендердің балалық шақтарыңды бақытты етіп, оқып білім алуларыңа, ер жетіп, саналы адам болуларыңа кең жол ашқан большевиктер партиясы. Ұлы Отан соғысында елімізге арам оймен шабуыл жасаған неміс-фашистерін және жапон империалистерін большевиктер партиясының басшылығымен жеңіп шықтық.

Балалар, сендер әлі партия тарихының бетін ашқан жоқсыңдар, ал сендердің ата-аналарың, аға-апаңарың коммунистер мен комсомолецтер көсеміміздің осы ұлы еңбегін оқып үйреніп жүр. БК(б)П тарихын үйренгендер еліміздің жұмысшы табы мен шаруаларының социализм орнату жолындағы күрес тәжірибесімен танысып, өзінің білімін байытады, большевизм ғылымын меңгеруге мүмкіндік алады. БК(б)П тарихын үйренгендер Ленин-Сталин партиясының ұлы ісінің бір-жолата жеңетіндігіне, бүкіл дүние жүзінде коммунизм орнайтындығына кәміл сенетін болады.

Большевиктер партиясы өзінің дақты тарихында талай үлкен жеңістерге ие болды. Ал осы ұлы жеңістерді баянды етіп, коммунизм орнату үшін Совет адамдары саналы, білімді болуға тиіс. Ал барлық білімнің кені, ғылымдардың ғылымы — Маркс пен Лениннің оқуы болып табылады. Балалар, сендер Маркс пен Лениннің оқуын меңгеруге, большевиктер партиясының тарихын үйренуге осы бастан әзірлене беріңдер. Ол үшін саналы тәртіпті пығайтып, сабақта жақсы, өте жақсы оқыйтын болыңдар.



БОТАНИКА

Т. ДАРҚАНБАЕВ.

биология ғылымдарының кандидаты.

Ботаника дегеніміз биология ғылымының үлкен бір саласы. Ботаника грек сөзінен алынған, жасыл өсімдік, овощь деген мағынада. Сөйтіп ботаниканы өсімдік тіршілігін, оның құрылысын, көбеюін, өсіп-өнуін зерттейтін ғылым деп түсінуіміз керек.

Ботаника ғылымы ерте заманда шықты. Өсімдіктер туралы тұңғыш еңбекті гректер жазып шығарды. Ол заманда өсімдіктер ең алдымен дәргерлік мақсатпен, ауруға ем боларлық дәрі жасап шығару үшін зерттелген.

Грек дәргері Гипократ сол ерте заманның өзінде-ақ дәргерлікке қолданылатын 200ден астам өсімдік тапқан, олардың атын жазып көрсеткен. Гректің атақты ғалымы Аристотель өсімдіктер жөнінде бірталай пікірлер айтып қалдырған. Бірақ, өсімдіктерді, өте-мөте олардың ішкі құрылыстарын зерттеу ісі кейінірек XVII-XIX ғасырда басталды. Оған үлкен себеп болған нәрсе, бір жағынан, микроскоптың шығуы, екінші жағынан, Дарвиннің эволюциялық теориясының пайда болуы. Микроскоп қолдану арқылы өсімдіктердің ішкі құрылысы зерттелді. Өсімдіктер де, басқа хаюандар тәрізді, клеткалардан құралғаны анықталды. Осымен қатар бұрын көзге ілікпей жүрген өте ұсақ организмдер, неше түрлі микротар ашылды. Сөйтіп ботаника ғылымы басқа ғылымдар секілді адам баласының мұқтастығынан келіп тұды. Өсімдіксіз адам баласының күні жоқ. Тамақтық заттар—нан, май өсімдіктерден өндіріледі. Құрылыс материалы—ағаш, киім-кешектік заттар—мақта, каучук, ауруды емдейтін дәрі-дәрмектің көбі өсімдіктерден алынады. Бүкіл жер бетіндегі жан-жануарлардың тіршілігі жасыл өсімдіктерге байланысты, өйткені, өсімдіктер бұларға бір жағынан тамақ

болатын болса, екінші жағынан, ауаны жәндіктерге хажет оттегі газымен байытып тұрады. Ауада оттегі газы болмаса, ешқандай организм тыныс ала алмаған болар еді.

Ботаника өсімдіктердің тіршілігін терең зерттеу арқылы, оларды адамның пайдасына жаратудың жолын ашты. Осы күнгі қолда өсіріліп жүрген мәдени өсімдіктер табиғаттағы тағы өсімдіктерден алынған. Адам баласы тағы өсімдіктер ішінен пайдалыларын таңдап алып, оларды бірте-бірте қолдан өсіріп, олардың табиғатын ұдайы өзгертіп келген. Орыстың атақты ғалымы И. В. Мичурин неше түрлі пайдалы бау-бақша өсімдіктерінің жаңа түрлерін (сорттарын) шығарды. Сөйтіп, өсімдіктердің тіршілігін қолдан билеуге болатынын, олардың табиғатын адам өз пайдасына қарай өзгертіп тұратынын дәлелдеді. И. В. Мичурин және оның шәкірті академик Т. Д. Лысенко биология ғылымының жаңа дәуірін ашты.

Дүниедегі өсімдіктердің түрлері орасан көп. Осы күннің өзінде өсімдіктер түрлері 20000нан асады. Ботаника барлық өсімдіктерді екі салаға бөледі.

Жоғарғы сатылы — гүлді өсімдіктер. Бұларға жататындар көбінесе мәдени өсімдіктер — бидай, тары, сұлы, мақта, темекі, қызылша, овощтар, бау-бақша өсімдіктері және гүл шашатын түрлі тағы өсімдіктер.

Төменгі сатыдағы — гүлсіз өсімдіктер. Бұларға жататындар түрлі микротар, саңрауқұлақтар және балдырлар. Микротардың ішінде адамға пайдалылары да бар. Мысалы, қымыз, қатық, құрт т. б. негізінде осы пайдалы микротарға байланысты. Ескірген нанның арасы көгеріп кететіні әркімге мәлім. Осы көктің өзі өсімдік болады, оны ғы-

лым тілімен пенцилиум деп атайды. Соңғы 5-6 жыл ішінде осы бөк пенцилиумнан тамаша дәрі-пеницилин жасап шығаратын болды. Бұл дәрі адамды көптеген қатты аурулардан емдеп жазады. Осымен қатар микротар ішінде адамға зияндылары да болады, неше түрлі жұқпалы аурулар осы микротардан тарайды.

Ботаника жылдан жылға өсіп, оркөндеп келеді. Ботаника ғылымы өте-мөте біздің Совет Одағында орасан дамуда, өйткені біздің колхоз, совхоздар ботаника ғылымының алдына көптеген жаңа талаптар қойып отыр. Еліміздің өсімдіктер байлығын социалистік шаруашылықтың хажетіне жарату — ботаника ғылымының үлкен бір міндеті. Дәнді егістің, техникалық өсімдіктердің мол өнім беруі оларды ғылыми жолмен өсіруге байланысты. Бұл жөнінде ботаника ауыл шаруашылық мамандарына үлкен көмек көрсетеді.



Республикалық Пионерлер Сарайында ботаника үйірмесі жұмыс істейді. Суретте: үйірме мүшелері Сәлім Ермеков (№ 14 мектеп), Вога Егоров (25 мектеп).

Табиғатты мичуринше табынта білейік



Күзде. Алма бағында.

Жыл сайын еліміздің мыңдаған жас ұландары мектеп, үй төңірегіне ағаш, гүл егіп, ұлы Отанымызды гүлді бақша студе жемісті жұмыстар істеп келеді. Олар табиғатты заманымыздың данышпан оқымыстысы Иван Владимирович Мичуринше жеңе білуді үйренуде.

Иван Владимирович ұлан байтақ Отанымыздың гүл, бақшаға бөленуін арман етті, сол арманын жүзеге асыруға өзінің бар білімін, қайрат — жігерін жұмсады. Ол оңтүстікте, жылы жақта өсетін жеміс ағаштарын, жидек өсімдіктерін солтүстікке, суық жаққа қарай қоныс аударды. Мичуриннің барлық өмірі — халық-

қа, Отанға қызмет студің үлгісі. Ол бізге бай мұра қалдырды, өсімдіктердің жүздеген жаңа түрлерін өсірді. «Табиғаттан қайыр күте алмаймыз, табиғаттан оны тартып алу-біздің міндетіміз», — дейді ұлы оқымысты.

Біздің жас бақшашыларымыз Иван Владимировичтің осы қағидасын естерінен екі елі шығармайды. Олар жас табиғат зерттеушілер үйірмелерінде И. В. Мичуриннің тәжірибе әдістерін жете үйреніп, сол бойынша жұмыс істейді. Жас бақшашылар оқытушылардың, вожатыйлардың басшылығымен мектептер мен балалар үйлері төңірегіне, колхоздар мен совхоздарда, үй іргесіндегі учаскелерде ағаштар егіп, көптеген жаңа бақшалар өсірді.

Быйыл август айында жас бақшашылардың Бүкіл Одақтық екінші слеті болып өтті. Жас бақшашылар слетте өздерінің жұмыс қортындысын шығарып болашақта не істеп, не қоятындықтарын белгіледі. Алматы қаласындағы 40—мектептің оқушысы Ася Нұрмақова слетте сөз сөйледі. Ол астанамыздың атына заты лайық ағашты, алмалы қала екенін айтты. Сонымен бірге Ася Қазақстанның слетке делегаттары қатысып отырған 81 мектебінің оқушылары мен пионерлері ғана 62,660 түп жеміс және сәнді өсімдіктер, 35,220 түп жүзім және қарақат егіп, өсіріп отырғандығын айтты.

Украинаның барлық пионерлері мен оқушылары үстіміздегі жылы 6 жарым миллион ағаш екті. Архангельскінің пионерлері слетке өздері

өсірген «ақ қаймақ» атты алманың жаңа түрін ала келді.

Слет делегаттары Совет Одағының барлық пионерлері мен оқушыларына арнап хат жазды. Слетке қатысушылар оларды қалалар мен селоларды гүлдендіруге белсенді түрде атсалысуға шақырды. «Жас бақшашылардың игілікті ісі еліміздің барлық пионерлерінің игілікті ісіне айналысын!» деп жазды олар хатында.

Слет делегаттары әр мектептің жаңында өз бақшасын өсіруді барлық оқушылардың алдына міндет етіп қойды. Ағашты егумен іс бітпейді. Егілген ағаштарды жақсылап күту керек, егілген әрбір ағаш тамыр жайып өсуін қамтамасыз ету керек.

Жас бақшашылар слетінің делегаттары:

— Біз жаңадан егілген ағаштарды пионерлік қамқорлыққа аламыз. олардың бір талының сынбауын, бұзылмауын қадағалап қарап отырамыз деп уәде берді. Жас бақшашылар күзде өсіретін бақшаларын 30 жылдық мерекесі тойланғалы отырған туысқан комсомолдың атымен атамақ.


Жас дос, Отанымызды гүл бақиға айналдырудағы бұл патриоттық істен сен де сырт қалма. Үлкендерге қолқабысыңды тигіз, үй, мектеп төңірегіне ағаш, гүл ек.

Әрбір пионер ең азы бір ағаш егетін болсын!

— Оқудағы және еңбектегі жаңа табыстарымызбен Отанымызды және сүйікті көсеміміз, ұстазымыз, Совет балаларының ең жақсы досы — ұлы Сталинді қуанышқа бөлейік!

Ұлы Отан соғысының қызу кезінде қарапайым қазақ қызы Мәншүк Маметова өзі тіленіп майданға барды. Невель қаласы үшін болған қанды ұрыста, ол біздің әскерлердің алдыңғы сапында болып, өзінің «Максим» пулеметімен жаудың 70 тен аса солдатты мен офицерін жойды, дұшпанның бірнеше қайтара жасаған шабуылын тойтарды. Сол ұрыста батыр қыз ерлік өліммен қаза тапты.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 1-марттағы Указы бойынша қазақ халқының батыр қызы Мәншүк Маметоваға Совет Одағының Батыры атағы берілді. Мәншүк — Советтік шығыс халықтары арасынан Совет Одағы Батыры атағын алған тұңғыш қыз еді.



Москвада болған жас мичуриншілер слетіне қатысқан Алматы пионерлері: (солдан оңға қарай) Володя Костюков (№ 33 мектеп), Ася Нұрмақова (№ 40 мектеп), Тельман Аспандияров (№ 33 мектеп). Суретті түсірген П. Я. Редько.

Тіл де тышқанмен құрады

К. ӘБДІҚАДЫРОВ

Мен 1941 жылы Хажымұқанмен жүзбе-жүз кездесіп, өз аузынан өмірі туралы көптеген қызық әңгімелерін тыңдап, жазып алған едім. Онымен сол жылы июньнің 25 күні қайтадан көріспекші едім. Июньнің 22 күні Улы Отан соғысы басталып кетті де, ол келетін жыйылыс болмай қалды. Мен әскери қызметке кеттім. Сонымен, қайтып Хажымұқан балуанды көре алмай қалдым.

Хажымұқан асқан қара күштің иесі еді. Ол 27 мемлекетте болып, талай-талай атышулы балуандарды жер соқтырды. Ол әлемде жауырыны жерге тимеген әйгілі алып балуан атанды. Әр елден сыйлыққа 48 алтын, күміс медаль алды.

Хажымұқан Мұнайтпасов быйыл 77 жасында қайтыс болды. Хұрметті балалар, сол сүйікті балуанымыздың өмір ертегілерінен бірнеше әңгіме жазып, сендерге тартып отырмын.

Қаңтардың саңылдаған сары аязы. Қыламықтап тырау ұшқындап, барлық заттың сыртына мұздап сауыт кигізіп тұр. Қызылжар қаласының орталық бір көшесіндегі қорада, үлкен сарайдың темір қақпасы кең ашылып, ішінен «һауһ-һауһ» деген дауыс естіледі. Бұл сәудегер Иван Нагичтің қоймасы еді. Күзде сойылған малдың еті мен майы енді ішкі Россияға жөнелтілмек, оны тасыйтын кіреші бай Орлий Масликов 10 пар ат-шанасын өзірлеп келген еді. Отыз пұт май құйып қатырған кеспекті он адам жабылып орнынан қозғалта алмай жатыр.

Қораны басқан қарды күреуге жалдаған 15 жасар бала сарайға қайта-қайта қарай береді.

— Сен онда неге қарайсың? Қораңды күре де, түйстіңді алып құры. Саған қандай тамаша, сарайдың есігіне қарай беріп...

— Онда не істеп жатыр?

— Тау көтеріп жатыр.

— Сарайға кірген тау көтерілмей ме? Шуылдап басымды ауыртты. Өздері адам ба, шайтан ба...

— Охо-хо! Мынаның сөзі отыз пұттан ауыр екен. Жібер сарайға, көтерілмей жатқанның не екенін көрсін, — деді тұлшықа көміліп қақпа аузында тұрған сәудегер.


Қар күреп жүрген бала есік алдында тұрғандарды қаға-маға сарайға кіріп келді. Басқаны бүрліктірген аяз оған шынсыз жаз сыяқты. Үстінде мақталы жырттық шапан, қолқабын беліне қыстырып, бас киімін қолына ұстап, жарым кездей жерге әрең жылжыған кеспектің қасына келді.

— Көтерілмейтін таулардың осы ма?

— Саған қалай көрініп тұр.

— Қатындардың су шелегіндей-ақ ыдыс қой, он кісі жабылып жүргендерің. Шетке ысырылып, шапанды есік алдына әкел!

Бала еңкейе беріп, кеспекті ыйығымен қағып жіберді. Астына салған ломдар мен қада ағаштар шатыр-күтір қырап, отыз пұт тоң май ұршықтай дөңгелеме жөнелді. Кеспектің есік алдындағы жүк шапаға қалай барып түсіп қалғанын тұрғандар сезбей де қалды.



— Ей, мынау адам емес!

— Енді кім?

— Бір жақтап келген дию ма, пері ме? Бірдеңе нығар... Неде болса, он кісі көтере алмағанды бір өзі көтерді. Жарайды. Міне, саған елу тыйын, — деді сарайдың қожасы.

— Жыйырма тыйын мен берем, — деді кең барқыт шалбарының қалтасына быржыйған семіз қолын сұғып жатып Масликов.

— Сен енді байдың. Қар күрегеніңе тыйын алма, — деді қораны күретіп жатқан қамбашы.

— Болмайды, онбес тыйынды әкел. Мен бай кісі емеспін, сол маған қорек болады. Мына жетпіс тыйынды әкеме берем, — деді жалпақ қайың күрекпен шөмелелеп қарды биік қорадан асыра атып жатқан бала.

— Орлий, сен мына қазақты қолыңа түсіріп ал. Кірекешіңе мұндай қазақ керек. Ол реті келгенде, жыйырма кісінің жұмысын бір өзі істейді.

— Өзім де ойлап тұрмын. Бірақ, ол жыйырма кісінің тамағын да ішеді ғой.

— Пемене, саған үсіген картоп пен сасыған балық жетпей ме? Бере бер астырып.

Бала қарып күреп болып, қамбашымен есептескеннен кейін Масликов қойын дәптерін алып, балаға:

1943 жылдың сентябрі. Айбынды Совет Армиясы неміс-фашист басқыншыларына барлық майданда қатты соққылар берді. Дұшпан уақытша басып алған аудандарда қуатты партизан қозғалыстары мен астыртын ұйымдар өз күрестерін үдете түсті. Сондай ұйымның бірі — Донбаста, Краснодар қаласындағы «Жас гвардия» еді. Большевик ағаларының басшылығымен Ленин комсомолы тәрбиелеген жас түлектер дұшпанға қарсы ерлікпен күресті. Бұл ұйымның көптеген мүшелері жау қолынан қаза тапты. Партия мен үкімет олардың ерлігін аса жоғары бағалап, бірнешеуіне Совет Одағының Батыры атағын берді.

465339



— Сен қайдап келдің?... Мен білем, сен Қызылжардікі емессің. Қай болыстансың?

— Ақмола уезі, Сартерек болысы.

— Әкеңнің аты кім?

— Мұңайтпас.

— Жарайды, Сен маған жігіт боласың. Дұрыс па?

— Ақыға не төлейсің?

— Мен саған бәрін берем. Тамақ менікі болады. Сенікі киім жоқ, киім берем. Мына үлкен жігіттерге қандай айлық берсем, сондай айлық берем — айың бір сом сексен тыйын.

Келешектегі дүниежүзілік балуан Хажымұқан Мұңайтпасов Мәсликовке осылай келіп, жалшылыққа тұрды.

Хажымұқан Мәсликовтың үйіне келген күні, жалпы кіреші жалшылар жататын жатақханаға орналасты. Оған ішіне сабан төселген, темір пеш қойылмаған сарайдың бір бұрышы тиді. Сонда түнел шықты. Ертеңіне қожасы Хажымұқанды өз үйінің ауыз бөлмесіне шақырып, отыз пұт кеспекті доп қылып домалатқан дәуді өзінің катып, балаларына, қонақтарына көрсетіп, оның көп жігітінің бірі болғанын айтты. Күшті баланы айнала қарасып, бойын аршындап, салмағын өлшеп, Мәсликовтың кереметтей етіп айтқанына көрушілер сепбеді.



ЖАС АРТИСТ

(А. Бартоға еліктеп)

Циркте ол көрген
Тамаша талай іс,
Өзі де кұмартты
Болуға жас артист,
Қоңырау қағылды,
Бітті ойын, қайтты үйге,
Түйіп ап сезгенін
Бұлжытпай көңілге,
Келсе үйге адам жоқ,
Қуанды оңаша,
Жаттығу жасамақ
Бүгін ең болмаса,
Он таяқ, он шарды
Тап қазір таппады.

Тарелке, стакан —
Алды ол заттарды,
Тарелке аспанда
Қосынан ойнады,
Бір қақты, он қақты,
Қағуын қоймады,
Тұр әне жылжымай
Стакан маңдайда,
Мақтанды, күлді ол,
Өнері артқанға,
Бір кезде стакан
Құлады еденге,
Өнері келмепті
Әлі де кемелге.

Тарелке тағы да
Қолынан кетті ұшып,
Қыйрады быт-шыт боп,
Еденге ол түсіп,
Осындай номерлер
Істеді жас артист,
Ойландар, балалар,
Жақсы ма мұндай іс?
Үй цирк бола ма,
Тарелке емес шар,
Істелер кезінде
Әр істің орны бар.

Қ. БОРАМБАЕВ

— Бұл қалай отыз пұт көтереді? Бойы екіжарым кез, салмағы 200 қадақ. Рас, мойыны, қол-аяғы жуандау. Бірақ отыз пұт жүкті көтеруі мүмкін емес, — деп, есепшісі өзінің өгіз өлмейтін есебін айтты. Өз сөзін қостамағанына Мәсликов та реңжіп:

— Жарайды, сендер сенбей-ақ қойындар, Хажымұқанның кереметін кейін көрерсіңдер. — деді.

— Ал, бала, қалай ұйықтадың? Жатақхана жылы ма екен, жігіттердің арасы көңілді болар. Олар домбыра тартады, өлең айтады. Шынында да біздің үйден сендердің жатақханаларың қызық.

Хажымұқан бір түрлі көңілсіздік кейпін көрсетіп:

— Қожайын, мен оншалығын білмеймін, түнімен ұйықтағаным жоқ.

— Неге?

— Ішінде ұрыс, жанжалдары көп екен. Тағы бір пәлесі төсеген сабанның арасында тышқан бар екен. Сонау ұйқым келмеді...

— Сонда сен неден қорықтың? Олар жанжалдасқанда саған неғылады. Тәртеу-бесеуі жыйылып отыз пұт болмайды, лақтырмайсың ба шетінен.

— Жоқ, айта көрмеңіз... Әжем ұрысқан жамаң болады деген. Менің төбелеске, шуылдап балағаттасқанға жаным қас.

— Ал, тышқаннан да қорқасың ба?

— Тышқан жамаң ғой, олардың шыйқылдаған дауысы естілген жерде менің ұйқым келмейді. Әжем: «тышқаннан піл де қорқады», дейтін.

Мәсликовтың үй іші, өзі қосылып қарқылдап, көздерінен жас аққашпа күлді.

— Міне, отыз пұт көтерген балуан!.. Тышқаннан басқа неден қорқасың?

— Онан басқа ешнәрседен қорықпаймын.

— Қасқырдан ше?

— Ой тәйірі, қасқыр, аю, қабан дегендер-ит емес пе, иттен кісі қорқа ма? Тек мына, тышқанның шыйқылдағаны жамаң... Қожасы үй ішімен күліп-күліп, Хажымұқанды ас үйінің ауыз бөлмесіне жататын етті де, өзіне екі ат, бір шана беріп, шөп, отын әкеліп тұру жұмысын тапсырды.

(Жалғасы бар.)

Оқуда үздік еңбекте ер


Айша — Сырымбет тауының, саясында, қазақтың тұңғыш ғалымы — Шоқан Уәлиханов туған, атақты ақын, асқан әнші — Ақан сері мекен еткен таудың бауырында туып өсті. Сол таудың бауырында салынған зәулім биік, көркем бейнелі орта мектепте оқиды. Айша оқуды үздік оқып, ерінбей еңбек етуді сүйеді.

— «Оқу ине мен құдық қазғанмен бір» деп халық бекерге айтпаған, — дейтін ол жолдастарына. — Ғылымның биік шыңына қажымай талмай еңбек еткен адам ғана шығып, мол бұлағынан нәр ала алатындығын айтқан Маркстің сөзі естерінде болсын.

Өткір кара көзді, нәзік денелі 16 жасар кара торы қызды бүкіл мектеп оқушылары хұрметтейтін. Оның өткір көздері бір қарағанда-ақ өңменіңнен өтіп, отша жарқырайтын. «Пашірін, — дер еді бұл қызды көргендер, — мынау түбінде адам болатын бала екен».

Мектепте жыйналыс бола қалса, Айша сөйлемей тұрмас еді. Ол сөйлегенде асықпай, саспай, нақысына келтіре сөйлейтін. Тәртіп бұзған жолдастарын аяусыз сынайтын. Оқытушылар коллективі де Айшаны хұрметтеп, оны оқушыларға үлгі ететін.

Аудандық комсомол комитеті оны пионер вожатыйы етіп тағайындады. Әуелде оған: комсомол комитетінің сенімін дұрыс ақтап шығар ма екенмін, деген күдікті ой кірді. Бірақ ол бірнеше күндерден кейін тамаша ұй-



ымдастырғыш қабілетінің нәтижесінде өнегелі вожатый болып алды. Жас жеткіншектерді тәрбиелеуде Айша айрықша еңбек сіңірді. Нашар оқыйтын пионерлерге жақсы оқуға жағдай жасады, оны озат оқушыға тапсырды. Мектеп дирекциясы оның еңбегіне риза болып, оған заттай сыйлық және мақтау грамотасын берді.

Айша 8 класты өте жақсы бітіріп, туған ауылы «Қоскөл» колхозына келді. Мұнда 10 күндей жатып, дем алды. Содан кейін, колхоз жұмысына қолқабышы болуды ойлады. Ол осы пікірін колхоз председателіне айтып еді, оған:

— Оқудан жүдеп келдің ғой, біраз тынық, кейін көмектесерсің — деді.

— Бұл не дегеніңіз, — деді Айша — «Өмір деген күрес» деп жазушы Островский айтқан екен. Ендеше мен сол қайнаған өмірден күрессіз қол үзбекпін бе!

Председатель дәлел айта алмай, тек:

— Өзің біл, карағым, — деді. Айша тезінен жетіжылдық мектептің меңгерушісі Дияроваға жолығып:

— Маған оқушыларыңыздан 10 оқушы тізіп беріңіз, — деді. Ертеңіне Айша осы оқушыларды жыйып алып, егінді арам шөптен тазартуға кірісті. Айша звеносы жұмыста колхозшылардан кем қалған емес. Ол тәңсәріден ерте тұрып оқушыларын жыйнайтын. Бұған колхозшылар танданып.

— Қалқам, сенің ұйқың жоқ па? — дер еді. Айша звеносы ондаған егістік жерді арам шөптен тазартты. Колхозшылар Айшаға алғыс айтты. Айша оларға:

— Алғысты маған айтпаңыздар, мені тәрбиелеп, өсірген пионер және комсомол ұйымдарына айтыңыздар. Мен тек солардың тапсырмасын орындаушы ғана, — деді.

Міне, біздің оқуда — үздік, еңбекте — ер Айша. Жас достар, апаларың Айшаның ісінен үлгі алыңдар!

Мүбәрәк КАМАЛИЕВ,
Көкшетау облысы, Айыртау ауданы, қазақ орта мектебі.



Быйылғы жана оқу жылы басталысымен, ұзамай-ақ біздің класта звено вожатыйларын сайладық. Одан кейінгі отряд жыйынында отряд советі сайланды. Отряд жұмысқа

Біздің тарту

кірісті. Пионер жұмысының жоспарын жасадық. Жоспарда негізгі орын алған мәселе — Ленин комсомолының 30 жылдығына әзірлік еді. Отрядымыздың екінші жыйынында осы үлкен мерекеге қандай тартулармен келетіндігімізді белгіледік.

Октябрь айында класымыздағы пионерлердің көпшілігі жақсы және өте жақсы деген бағамен екі айдың қортындысын шығарды. Класта бірде-бір еңлік баға алған оқушы жоқ. Ленин комсомолының 30 жылдық мерекесіне бұл біздің бірінші тартуымыз.

Большевиктер партиясының айбынды көмекшісі — Ленин комсомолының 30 жылғы ерлік істері мен жанқиярлық еңбегін бейнелейтін түрлі тарихи суреттерден құрап, үлкен альбом жасадық. Ол мектептегі кітапханада көрнекті жерде ілулі тұр,

Кітапханаға келген әрбір оқушы оны көріп, комсомолдың ерлік тарихымен танысады. Бұл біздің екінші тартуымыз болмақ.

Екінші класта оқыйтын, жасы 9 ға жеткен октябрияларды пионер қатарына өтуге әзірледік. Оларды пионер ұйымдарының тарихымен таныстырдық.

Жуырда болып өткен дружина жыйынында екінші класс оқушылары пионер қатарына алынды. Бұл біздің үшінші тартуымыз.

Ленин комсомолының данқты мерекесіне біз осындай тартулармен келдік.

Біз бұдан былайда сапалы оқу мен саналы тәртіп үшін күресімізді күшейте береміз.

Отряд советінің председателі —
Вова ФЕДОРЕНКО

Талдықорған қаласы, Абай атындағы орыс орта мектебі.

Алматы селендік ауданының "Красный трудник" колхозындағы орташа мектептің 5-класс оқушысы Жылыс Пыштанов жағғы демалыс кезінде әкесіне көмектесіп, жылқы бағып, 51 рубль күнтіңіні.

Суретте: Жылыс Пыштанов жылқы бағып жүр.



Соңғы саяхат

Жаздың майда желі баяу ғана Жорыққа жүрер алдында аға пионер вожатый Кұлпан Қалымова өлке зерттеу саяхатының маңызы және қазіргі жорықтың мақсаты туралы азғана ақпар жасады. Барлығы 25 пионер жорыққа аттандық.

Мектептен шығып, ауыл сыртындағы Тобыл өзеніне жеткеннен кейін, сол өзенді бойлай жүрдік. Өзен жағасы қалың орман. Орман арасында ұшқан құс, жүгірген аң және дала жәндіктері кездеседі.

Өзен бойы мен тау аңғарларынан өсімдіктердің гербарийларын жыйнап, тау жыныстарынан коллекция құрадық.

Қайтарда жол бойында қазақтың тұңғыш педагогы, атакты ағартушысы Ыбрай Алтынсариннің бейітіне бардық. Оның басына гүл қойып, пионерлік тәжім еттік.

Аға пионер вожатый Кұлпан Қалымова Ыбрай Алтынсариннің өмірі, ақындығы және ағартушылық қызметі туралы қысқаша әңгіме айтты.

Әңгімеден кейін Тобыл өзені бойына келдік. Түнге қарай костер жағып, түрлі ойындар ойнап, әнге ызықтап, кешті өте көңілді өткіздік.

Ертеңінде өзіміздің мектебімізге қайтып келдік.

Бақытжан НҰРМУХАМБЕТОВ,
Қостанай қаласы, Жамбыл атындағы қазақ орта мектебі

Сағынғали СЕЙТОВ

Уақыттың қаңтарылмай кермесінде,
Шырақ боп жандың заман зердесінде.
Тұрсың асау жүрекше тулап соғып,
Еңбек пенен Күрестің кеудесінде.

Революция перзенті — сен де солдат.
Көрді өзінді бір кезде Кронштадт.
Қалды найзаң шаншылып Перекопта,
Қарауылдай қайыспас шегіп айбат.

Жарасып ер тұлғана жұмыс киім,
Кірдің цехқа, аралап завод үйін.
Жанап кетсең жан бітті станокке,
Тегершіктер зырылдап бейне құйын.

Дедің де әйгілі әлгі Донбасс қайда,
Алдың екі қолыңа екі қайла.

ЖАСТЫҚ

Қағып ап бір қайлаңды Қарағанды,
Үн қатты: шыңырауыма еркін бойла!

Жігерін жаңғыртып ел картасын да,
Жалау болып дәуірдің жартасында
Желбіреді...

Бесжылдық оттарының
Сәулесі қалды ұялап әр тасында.

Майдандарда жеңістен ләззат таптың,
Болдың жаяу әскері алғы саптың.
Тар кезеңде тартынбай, кеуденді сен
Оққа төсей, ДЗОТқа тұра шаптың.

Батысқа шамырқана шеру тарттың,
Арасын Еділ-Эльба дабылдаттың.
Жеңістің туы болып тігілдің де,
Желбіредің үстінде Рейхстагтың.

Тұтқасын трактордың сағынған қол
Жабысты қайта.

Алда әлі ұзақ жол,
Бүгінгі бесжылдықтың батырысың
Тұла бойда тың қуат, ту қайрат мол.

Жастық деген адамның күрес бағы.
Қымбат ол: өмір көркі, жүрек таңы.
Білемін, коммунизм тұсы болар
Дүниенің толықсыған жігіт шағы.

Соғыстан кейінгі сталиндік жаңа бесжылдық ішінде Қазақстанда аса зор заводтар, алып шахталар, ұлы құрылыстар салына бастады. Соның бірі Ертіс су электр станциясы. Қазақстандықтар өзінің бұл станциясын асқан мақтанышпен Днепро ГЭС деп атайды. Өйткені бұл станция келешекте еліміздегі аса қуатты су электр станциялардың бірі болмақ.

Қазақстан комсомолы Ертіс су электр станциясын салуға асқан ынта-жігермен кірісті. Олар бұл станцияны салушылардың алдыңғы сапында болып, оны өздерінің қамқорлығына алды.

Сталиндік төртінші бесжылдықтың аяғында бұл станция пайдалануға берілмек.

ХАН МЕН ҰСТА

Баяғыда қыр елінде өнері асқан бір қарт ұста болыпты. Оның шеберлігін естіген хан: «маған әрі әдемі, әрі өткір қылыш соғып берсін!» — деп әмір етіпті.

Көктем күндерінің бірінде ханның ордасына келіп, ханға бас иіп сәлем беріп, ұста оған әдемі қылышын ұсыныпты.

— Қылышты өткір ме? — деп сұрапты хан.

— Сынаңыз, — дейді ұста, — бұдан асқан өткір қылыш болмас. Бұл ұстараның жүзіне ілінбейтін майда, нәзік шашты да қырқып түседі.

Хан сарайында думанды тойдың қызған кезі еді. Қонақтардың алдында қылышкерлігін көрсетіп ханның мақтанғысы келеді.

— Бері кел! — деп бұйырды хан шалға, — Мен мұның жүзінің өткірлігін сенің мойныңды қырқып сынаймын.

— Есіркей көріңіз, хан тақсыр! Осыша жәбірлейтін менің жазығым не?! — деп зарлады шал, хан алдында иіліп. Бұл кезде қылыш жарқ етті де, ұстаның басын қырқып түсті.

Одан кейін көп өткені, аз өткені белгісіз, әйтеуір бір баукесне ұры ханның тамаша қылышын ұрлап алыпты. Қаһарлы хан өз нөкерлеріне тап жоғалған қылыштай қылыш жасай алатын шеберді табындар деп тағы да әмір беріпті.

Өлген ұстаның немересі жас ұста бұл әмірді орындаймын деп уәде етіпті.

— Енді қолымда, — депті ол ханның нөкерлеріне, — өткір алмас қылышым бар деп ойласын хан. Жаумен шабысқанда қырдың қылыш соғатын ұстасын да есіне алар.

Ұзамай-ақ жаңа қылыш ханға жеткізілді. Бұл жолы қылышты ұрыс үстінде сынауға тура келіпті, өйткені елге қара борандай қас жаулар тап болды. Бір топ жауынгер жасағын бастап ханның өзі жауға қарсы шапты. Дұспанның әскербасын қуып жеткен жерде, «өлер жерің осы» деп хан сермеп өтті. Бірақ, ханның сағы сынды, сағасы білдірмей егелген қылыш шарт сынып түсті.

Мерейі үстем, жеңген жау маскара болған ханды, жаяулап тұтқынға айдағанда, хан қырдың қылыш соғатын ұстасын есіне алған екен.



„Алғашқы адым“

Жақында Қазақтың Біріккен Мемлекеттік Баспасы жас жазушы Төлеухан Сағынбаевтың «Алғашқы адым» атты әңгімелер жыйнағын басып шығарды. Жас жазушының тұңғыш жыйнағы үлкенді-кішілі бес әңгімеден құралған. Жазушы бұл жыйнағында қазақ совет әдебиетінде өте аз жазылған, аз суреттелген балалар өмірін алып суреттеп, жайдары мінез, бауырмал, ұқыпты, жақсы оқыйтын, еңбек сүйгіш оқушы жастардың бейнесін бере білген.

Жазушы біздің социалистік Отанымызда еңбек етушінің асқан бағалы, абройлы екенін сыпаттайды. Бүгін бала болсаң, ертең еңбек етесің, даңққа бөленесің деп, жастарды болашақ бақытқа талаптандырады. Әресе, соғыстан кейінгі бейбітшілік дәуіріндегі колхозды ауылдың өмірі мен шаруашылығын шалқыта өсіруде, майданнан қайтқан ерлер мен жастардың еңбегі көңілге толымды көрсетілген.

«Алғашқы адым», «Шың серік» әңгімесіндегі өздерің сияқты жас балалар Рахым мен Әмір Отан соғысынан жеңіспен қайтқан әкелері Садық пен Көшекке колхоз тарапынан тапсырылған жұмыстарының орындалуына үнемі көмектесіп, қолқанат болып отырады.

Әкелерінің социалистік жарыста озып шығып, олардың аброй-атақ алуына көмектесуінен-ақ, еңбек сүйгіш, әдепті, кішіпейіл балалардың бейнесі байқалады.

Көшек өзінің баласына: «Шың серік болдың. Біз өмірдің соңынан жүрмей, өмірмен бірге қатарласа аттандық» дейді.

Автор, көбінесе, мектептегі пионер отрядтарының жұмысына үлкен маңыз беріп, отряд пионерлері арасындағы достықты, бірлікті өнеге етеді. Мұндай шексіз татулықты «Достардағы» Болат пен Мәліктен, «Бір үйдің адамдарындағы» Мұрат-бастаған пионерлер бригадасының еңбек үлгісі айқын дәлелдейді. Балалар, бұл әңгімелер жыйнағын ұйымдасқан түрде және жекелеп оқып шығып, ондағы жеке адамдардың, оқушы пионерлердің Балалар, бұл әңгімелер жыйнағын ұйымдасқан түрде және жекелеп оқып шығып, ондағы жеке адамдардың, оқушы пионерлердің нында талқылаңдар, пікір айтыңдар.

Ж. Ахметов:

Социалистік Улы Октябрь революциясының 30 жылдығына байланысты, Совет Одағының комсомол, жастары өздерінің данышпан көсемі, ұлы ұстазы және сүйікті досы-Сталин жолдастың атына хат жазды. Хатқа еліміздің 27 млн. жас жігіттері мен қыздары қол қойды. Олар бұл хатында сталиндік төртінші бесжылдықты орындау жолындағы өздерінің ерлік еңбектерін баян етті. Комсомол, жастар Отанымыздың адал ұл-қыздары болуға, Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының сенімді серігі болуға, өздерінің барлық өмірін Совет мемлекетінің қуаттылығы мен даңқын арттыра беруге жұмсауға ант етті. Комсомол, өзінің бұл хасиетті антын өзінің жаңа ерлік еңбектерімен, қажырлы оқуымен іс жүзіне асыруда.

Балалар! 1949 жылғы январь айында «ПИОНЕР» журналының шығарына бастағанына 10 жыл толады.

Бұл журнал өміріндегі елеулі уақытқа.

Осыған байланысты редакция журнал туралы оқушыларының пікірін білгісі келеді. Оқушыларымыздың тілектері мен ұсыныстары журнал жұмысын жақсартуға беруге үлкен көмек болмақ. Сондықтан сендерден мына төмендегі сұрауларға жауап жазып жіберулеріңді сұраймыз:

1. Журнал бетінеп оқыған шығармалардың қайсысы саған ұнады, не себепті ұнады? Қай шығармалар ұнамады, несіктен ұнамады?

2. Сенше журналға қандай мәселелер туралы көп я аз жазылады?

Қандай тақырыпта жазылған шығармаларды оқығың келеді?

3. Журналға қоятын қандай тілегің бар? Келешекте не туралы көбірек жазуды ұсынасың?

4. Өзің бұған дейін журналға мақала, өлең жазып, сурет салып жібердің бе? Бұдан былай журналға жазып тұрамысың? Қай класта оқыйсың?


Пікірді ұйымдасқан түрде, звено мен стрядтың барлық пионерлері атынан жазуға да болады.

Журнал туралы жазып жіберген пікірлерің мен тілектерің оның 1949 — жылғы 1 — санында бағылады.

Редакция

Ойлап тап

1. БЕС СЫЗЫҚ



Сендердің алдарыңда бес сызық және он дөңгелек жатыр. Әрбір сызықтың бойында төрт дөңгелектен келетін етіп, сызықтарды орналастыру керек.

Бұны қалай жасауға болады?

2. ШАРАДАЛАР

1. Бас буыным — естік бұйрық рай,

Екіншісі жылқыда көрдің талай —

Шығыста қойны толған қазынаға,
Кең өлкемін, табасың қайсың оңай?

2. Тұңғыш буын — зат есім, екі — ақ әріп,

Екіншісі — бұйрық рай, алсаң тауып,

Ежелден халқым сүйген атышулы
Отанның қоймасындай тауымын алып.

Жауаптар

«ПИОНЕР» журналының 1948 жылғы № 8 санында басылған жұмбақтар мен шарадалардың шешуі:

Жұмбақтар: 1. Хат 2. Кітап 3. Есеп шот

Шарадалар: 1. Саяхат 2. Ақыл 3. Ащысай 4. Ертіс

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

Дәрібай КҮЗЕНБАЕВ (Талдықорған ауданы, Шубар орта мектебі), Ержанбай СӘДЕНОВ (Оңтүстік Қазақстан облысы, Ильич ауданы, қазақ орта мектебі), И. ТҰРҒЫМБЕКОВ (Оңтүстік Қазақстан облысы, Жуалы ауданы, Сталин жолы мектебі).

Ә. Қанапин — Ленин комсомолы 30 жаста	2 бет.
К. Оразалин — Орыс орманында (повестен үзінді)	5
М. Әлімбаев — Оны да өсірген комсомол (очерк)	8
С. Бақбергенов — Мұғалима (әңгіме)	10
Л. Пантелеев — Уәде (әңгіме)	12
Қ. Сағындықов — Тамаша кітап	14
Т. Дарқанбаев — Ботаника	15
Табиғатты мичуринше табынта білейік	16
Қ. Әбдіқалыров — Піл де тышқаннан қорқалды (әңгіме)	17
Қ. Борамбаев — Жас артист (өлең)	18
Біздің почта	19
С. Сеитов — Жастық (өлең)	22
Хан мен ұста (ел аузынан)	23
Ж. Ахметов — «Алғашқы адым»	23
Оқушыларымыздың есіне	24
Ойлап тап	24

Мұқабаның бірінші бетіндегі суретті салған Н. Лебедев.

Редколлегия мүшелері:

Т. Абдрахманов (жауапты редактор), Ә. Бектұров, Қ. Борамбаев, Х. Доспанова, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Ә. Сәрсенбаев, Ә. Сытдықов, А. М. Черкасский.
Тех. редактор А. Қ. Доморошин.

Редакцияның адресі:

г. Алма-Ата, проспект Сталина, 73.
Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 13/Х 1948 г. УГ0170
Объем 3 п. л., Тираж 10.0000

Гостипография № 3 Управление Полиграфии и Издательств при Совете Министров КазССР г. Алма-Ата Зак. 746

КОМСОМОЛ

Музыкасын жазган Б. Ерзакович

Сөзін жазган С. Бегалин

МАРШ ЕКПІНІМЕН

МАРШ ЕКПІНІМЕН

СО-ТАН-НЫҢ БАТЫ-СЫ

МЕН ШЫҒЫСЫНДА ТАРТ-ҚАН ЖОЛ, САЛҒАН ЗАВОД ОЙ МЕН ҚЫРДА КОМСОМОЛ БАТЫР-ПАҚ БАЛУАН ҚОЛ,

ҚАЙЫРМАСЫ

ШЫ-ҒА-РЫП ЕР-ЛІК ДАҢ-ҚЫНАС-ҚАРШЫН-ҒА ЖАС ҚАЙ-РАТ, ЖА-ҢА ҚОЛ, ЖА-ЛЫН ДЫ, КҮ-ШТМОН

У АЙ ЕЛ ДІН ҰР-ПА-ҒЫ — АЙ БЫН-ДЫ КОМСО-МОЛ АЙ-БЫН-ДЫ КОМСО-МОЛ

Отанның батысы мен шығысында
 Ғартқан жол, салған завод ой мен қырда
 Комсомол батыр ұрпақ, балуан қол,
 Шығарып ерлік даңқын асқар шыңға.

Жас қайрат, жаңа қол,
 Жалынды, күші мол,
 Улы елдің ұрпағы —
 Айбынды комсомол.

Жау көрсе жалын атып кегі қайнап,
 Еңбекте өрге ұмтылған тасқан қайрат,

Байлығын табиғаттың күшпен алған,
 Өнерге өрісі кең қару сайлап.

Қайырмасы.

Шалкытып коммунизм туын қолда,
 Әлемді шаттық өмір жаңа жолға
 Бастаған Ленин - Сталин партиясы,
 Күш, білім, бақыт беріп комсомолға.

Қайырмасы.

Ғабдылқақ неге тоңды

Бағасы 2 сом.

№ 119

Суреті В. Нестеровтікі

28.10.48
Каз. Гос. Центр

Сөзі Т. Тәгісовтікі

Сабақтан келіп екеуміз,
Ойнай шықтық қораға.
Жасап өк спорт алаңын
Быйыл жазда қорада.
Бірақ та, мен шорқақпын
Жасауға спорт ойындар.
Досым Болат білетін
Алуан қызық ойын бар.



Шығыршықта ойнады,
Турникке де асылды.
Қолымен де тік жүрді.
Доп куды, салды асырды.



Қызыққа батып көп тұрдым,
Қусырып бекер қолымды.
Тоңып, жаурап қалыппын,
Жән дейді кім мұнымды?



ЖӘН ЕМЕС МҰНЫҢ, ҒАБДЫЛҚАҚ,
ДОСЫНА АНАУ ҰҚСАП БАҢ!